



МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ

сенім беки түсті

3



АЛМАТЫҒА СЕНАТОРЛАР КЕЛДІ

6



«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

жобасының жұмыс істеу
тетігі қандай?

10

ЖАҢА ӨМІР БАСТАУЫ

2023 жылы Алматыда 2,5 мыңға жуық отбасы баспаналы болды

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының дерегінше 2023 жылы 2454 отбасы баспаналы болды. Пәтер кілтін иеленген жандардың 2049-ы қолжетімді тұрғын үй бағдарламасы бойынша, 405-і коммуналдық тұрғын үй қорынан үй алған.

**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

2023 жылғы желтоқсанда «Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы аясында Алматының 35 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастарынан өтініш пен құжат қабылдау аяқталды. Бұл бағдарлама аясында Наурызбай ауданында 3 жыл мерзімге 2100 пәтер беріледі деп болжанып отыр.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың жеке бастамасымен халықтың әлеуметтік осал топтарына (ХӨОТ) 2000 пәтер бөлу туралы шешім қабылданды, оның 20%-ы жетім балаларға бөлінеді. ХӨОТ үшін пәтер бөлу 2024 жылдың көктемінде жоспарланған.

2023–2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы аясында Алматыда мынадай мемлекеттік бағдарламалар іске асырылып жатыр:



– Жылдық 2% мөлшерлеме бойынша 2-10-20 («Бақытты отбасы»);
– Жылдық 5% мөлшерлеме бойынша 5-10-20 («Шаңырақ»);
– «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы.

Тұрғын үй бағдарламаларының операторы – «Отбасы банк» АҚ. Негізгі талаптар төлем қабілеттілігін растау және тұрғын үй

құнының кемінде 10% мөлшерінде бастапқы жарна енгізу. Осы бағдарламалар бойынша тұрғын үйді сату туралы ақпаратпен банктің сайтынан (www.hcsbk.kz) және www.otbasybank.kz) танысуға болады.

(Тақырыпқа орай сала маманынан алынған сұхбатымызды 5-беттен оқи аласыздар).

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №2 (6453) 9 қаңтар, сейсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖӘУТІКОВ ОЛИМПИАДАСЫ

Алматыда басталған мерейтойлық XX Халықаралық дарындылар
додасында 16 елден 650-ге жуық оқушы бақ сынаиды

Суретті түсірген Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

2024 жылғы 8–13 қаңтар аралығында Алматыда О.Жәутіков атындағы Республикалық мамандандырылған физика-математика орта мектеп-интернаты базасында Білім және ғылым министрлігінің және қала әкімдігінің қолдауымен дарынды балаларға арналған XX Халықаралық Жәутіков олимпиадасы өтіп жатыр.

7

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

9.01.2024

Түнде:



-1+1 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

10.01.2024

Түнде:



+1+3 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+7+9 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.Желдің жылдамдығы:
0-5 м/сwww.almaty-akshamy.kz



САРАПТАМА

Еуразиялық экономикалық одақ:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БУЫН

күллі Еуразия кеңістігін байланыстырады



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін хабарлағандай, 25-26 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына қатысу үшін екі күндік жұмыс сапарымен Санкт-Петербург қаласына барды. Онда Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшылары интеграциялық үдерістерді одан әрі дамыту мәселелерін талқылады.

Басты басымдық:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ
БАҒДАР

Ресейдің Санкт-Петербург қаласында өткен кезекті Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысына ұйымға мүше барлық мемлекеттің басшылары қатысты. Жоғары деңгейдегі отырыс шағын және кеңейтілген форматта өтті.

Шағын құрамдағы отырысқа Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Ресей Федерациясының Президенті – ЖЕЭК төрағасы Владимир Путин, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы Михаил Мясникович қатысты. Мемлекет басшылары интеграциялық үдерістерді дамытудан бөлек, ұйымның 2024 жылға арналған халықаралық ынтымақтастық жоспарын талқылады. Сондай-ақ, ЕАЭО қызметінің жекелеген аспектілері жөнінде пікір алмасты, делінген Ақорданың баспасөз қызметінің хабарламасында. Қандай аспекті екені жайлы ақпарат көрсетілмеген. Себебі, жабық кездесу форматы осындай құпиялылық үшін өткізіледі. Дегенмен, онда не талқыланып жатқаны аз да болса ақпаратты кеңейтілген отырыста мемлекет басшыларының сөйлеген сөздерінен алуға болады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөйлеген сөзіне мән беріп қарайтын болсақ, ұйымның экономикалық интеграцияға бағытталғанын тағы бір мәрте көрсеткен. Ол быттыр жаһандық тұрақсыздық күшейе түскенін атап өтті. ЕАЭО аясында ғана емес, әлемдегі оқиғаларға саяси баға берген ойларында да жаһандық тұрақсыздық экономиканың даму қарқынының төмендеуінен көрініс тауып отырғанын айтты Мемлекет басшысы. Геосаяси текетірістің экономикалық салаға кері әсер ететінін түспалдады. Экономиканың даму қарқыны төмендеуіне инфляцияның қысымы, халықаралық логистикалық тіз-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТМД-ға мүше мемлекеттер:

БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУ,
ПРЕЗИДЕНТТЕР ЭКСКУРСИЯСЫ

Санкт-Петербург саммиті аясында ТМД-ға мүше мемлекеттер басшыларының бейресми кездесуі өтті.

Жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар, Ресей Президенті Владимир Путин, Әзербайжан Президенті Ильхам Алиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түркіменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысты.

Жиын барысында ТМД елдерінің көшбасшылары Ұйым қызметінің басым бағыттарын, өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту және одан әрі дамыту жоспарын талқылады. Сондай-ақ, ТМД аясындағы ықпалдастықтың өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Сондай-ақ, мемлекеттер басшылары Санкт-Петербургтегі бірқатар мәдени нысандарды аралады.

«Павловск» мемлекеттік музей-қорығынан басталған экскурсия «Грек залы» амфитеатрындағы «Северная симфония» концертіне жалғасты. Бұл музей-қорық – XVIII ғасырдың соңындағы орыс сәулет өнерінің бірегей үлгісі. Павлов сарайы архитектуралық ансамбльдің ең басты көрнекті бөлігі саналады. Бұл мәдени мұра ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған.

Содан кейін мемлекеттер басшылары «Царское село» музей-қорығын және Екатеринина сарайының залдарын аралап көрді. «Царское село» сарай-саябақ ансамблі – XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басындағы әлемдік сәулет және бағбандық өнерді айшықтайтын ескерткіш. Орыс императорларының бұрынғы жазғы резиденциясы – Ресейдегі халық көп баратын музейлердің бірі. Мұражайға 2022 жылы 2,9 миллион адам келген. Кешеннің негізгі нысаны саналатын Екатеринина сарайында әлемге әйгілі Янтарь бөлмесі орналасқан.

Президенттердің үшінші экскурсиясы «Петергоф» мемлекеттік музей-қорығының Үлкен Петергоф сарайында жалғасты. Мемлекеттер басшылары сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, мүсін және кескіндеме өнерінің туындылары мен жинақтар қойылған бірегей сәулет ескерткішін тамашалады.

Петергоф музей-қорығы 33 музейден, 414 гектар аумақты алып жатқан саябақтар мен бақтардан және 150-ден астам субұрқақтан тұрады. Сорғы станцияларының жоқтығы субұрқақ жүйесінің тарихи және мәдени ескерткіш ретіндегі бірегейлігі саналады. Инженерлік шешімнің арқасында су 300 жыл бұрынғыдай биіктік пен әртүрлі деңгейдегі субұрқақтар арасынан табиғи түрде құлай ағып жатыр. Сондықтан Петергоф субұрқақтары сәуірдің аяғынан қазан айының ортасына дейін күн сайын таңертеңнен кешке дейін жұмыс істейді.

бектердің трансформациясы, аймақтардағы қалыптасу, санкциялық текетірістер әсер еткенін тұжырымдады: әр фактордың орналасу реттілігінде де саяси астар бар.

Кейбір сарапшылар аймақтағы қалыптасу мен санкциялық текетірістер инфляцияның қысымына, халықаралық логистикалық тізбектердің трансформациясына

әкелді деп есептейді. Әр факторды біріне-бірі әсер етеді деп емес, жеке атап өту – түрлі геосаяси және геоэкономикалық текетірістен алшақ, бейтарап екенімізді білдіреді.

Үшінші елдермен интеграция:

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ
КООПЕРАЦИЯ

Мемлекет басшысы ЕАЭО аясында қабылданған шешімдерді үшінші елдермен, оның ішінде Қытаймен байланыстыруға маңыз берді.

Мысалы, отырыс қорытындысы бойынша қабылданған құжаттардың ішінде «Еуразиялық экономикалық жол» декларациясы бар. Онда экономиканың нақты секторын технологиялық кооперацияға айналдыру міндеті қойылған. Бұл құжат Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жаһандық бастамасымен ұштасады. Сонымен қатар, Президент «ЕАЭО-ның цифрлық күн тәртібі» мен Қытайдың «Цифрлық жібек жолы» бастамасын ұштастыру мүмкіндігін қарастыруды ұсынды. Оның ойынша цифрлық және интеллектуалдық ықпалдастық Еуразия кеңістігіндегі елдердің экономикасының дамуына елеулі үлес қосады.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысының сөзінше ЕАЭО күллі Еуразия кеңістігін байланыстыратын стратегиялық буын қызметін атқарады. Сондықтан осы мүмкіндікті пайдалану қажет. Ең алдымен, Президент Таяу Шығыс, Иран, Пәкістан және Үндістан елдеріне шығатын «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамытудың маңызды екенін атап өтті. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан аумағы арқылы өтетін Бейнеу–Маңғыстау, Мақат–Қандыағаш теміржол желісі мен Бейнеу–Шалқар автомобиль жолдарын реконструкциялауға дайын екенін мәлімдеді.

Отырыс барысында «Иранмен Еркін сауда туралы» келісімге де қол қойылды. Бұл «Солтүстік–Оңтүстік» дәлізін дамытуға жасалған құқықтық қадам болды. Президент бұл бағытта да сауда-экономикалық байланысқа мән беру керектігін атап өтті. Сонымен қатар, Президент Иранмен ғана шектелмей өзге елдермен де экономикалық байланысты нығайтуды ұсынды. Олардың ішінде Үндістан, Біріккен Араб Әмірліктері, Мысыр, Индонезия, Моңғолия сияқты елдер бар.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысы соңында жалпы саны 22 құжатқа қол қойылды. Жоғарыда атап өткендерден бөлек бірнеше маңызды құжаттар бар. Оның ішінде ұйымның 2030 және 2045 жылға дейінгі экономикалық үдерістерді дамыту туралы декларацияны атап өткен жөн. Демек, ұйым мүшелерінің саны көбеймесе де, үшінші елдермен сауда-экономикалық байланысты жолға қоюға мүмкіндік бар.

(Дереккөз: akorda.kz).

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



САРАПТАМА

МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ

сенім беки түсті

Өткен аптада «Егемен Қазақстан» басылымында Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың көлемді сұхбаты жарияланды. Мемлекет басшысы елдің ішкі-сыртқы саясатынан тартып, атқарылып жатқан ауқымды әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалар жайындағы, сондай-ақ, қоғамда түйіні тарқатылмай келе жатқан түйткілді сұрақтарға да жауап берді. Қазіргі кезең еліміз ғана емес, тұтас әлем үшін бетбұрысты кезең. Бұндай тұста мемлекет пен қоғам арасында берік сенім мен терең түсініктің орнығуы аса маңызды. Бұл тұрғыдан қарағанда, Президенттің кезекті сұхбаты ел азаматтарының саяси өміріне, қоғамдағы өзара сенім мен тұрақтылыққа тигізетін оң әсері зор деуге болады. Сондықтан аталыш әңгіменің астары терең, салмағы басым, аса маңызды мәнге ие деген тұстарын ашалай талдап, оқырмандарымызға жеткізуді өз міндетіміз деп санадық.

Жылдар тоғысындағы елдік істер

Өткен 2023 жыл өзінің бөлекше бөгенайла-рымен есте қалды. Мемлекет басшысы әңгі-менің беташарында былтыр атқарылған рефор-малардың елеулі тұстарына тоқталып өтті. Президент қорытындылағандай, өткен жыл маңызды саяси реформалардың көбін дерлік еңсерген жыл болды. Өрине, былтыр Конститу-циялық сот жұмысының басталуы және Мәжіліс пен түрлі деңгейдегі мәслихаттардың жаңа ереже бойынша сайлау өткізуі, алғашқы адымдағы аудандар мен облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау науқандары сынды саяси реформалар легі Мемлекет басшысы белгілеген жаңа саяси бағдардың өзіндік жетістіктері ретінде тіркелгені шын. Десе де, былтыр тек саяси реформалар емес, экономикалық жаңа бағдардың өз ролында қозғала бастаған жылы болды. Әсіресе, экономиканы әртараптандыру мен оны монополиядан арылту, инфрақұры-лымдарды жаңартып, бизнесті қолдау, инвести-ция тарту бойынша қарқынды жұмыстар жүр-генін атап өткен жөн.

Жаңа саяси-экономикалық бағыт бойынша 2024 жылдың күнтізбесінде де толып жатқан міндеттердің бары анық. Мемлекет биыл да осы бағытта ауқымды шаруаларды жалғастыр-мақ. Бұдан тыс еліміздің халықаралық қауым-дастық пен түрлі еларалық ұйымдар алдындағы маңызды міндеттемелері де, жауапты жұмыста-ры да бар. «Қазақстан бірнеше беделді халық-аралық ұйымға, атап айтсақ, Шанхай ын-тымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнін-дегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді». Міне, бұлар біздің ішкі ре-формаларды жүзеге асырумен қатар, өзге ел-дермен, халықаралық ұйымдармен қарым-қа-тынасымызды дамыту бойынша атқаратын биылғы басты міндеттеріміз қатарында аталды.

Турасын айтқанда, қазіргі әлемдік өзгеріс-тер бізге ұлттың мүлде жаңа сапада дамуын талап етеді. Бұлайша айтқанда, қарқынды бә-секеге қабілетті жаңа бір ұлттық сапаға жету мемлекетті құрушы ұлттың ең негізгі міндеті. Бұған қоса, ұлттық идеологияны жетілдіру мемлекеттілікті нығайтудағы маңызды басым-дық. Осы қос теңді көтеріп тұрған Ұлттық құ-рылтай барған сайын қоғамдық институт ретінде дамып келеді. Президент өз сөзінде биыл Ұлттық құрылтайдың жылдағыдан ерте-рек өтіп, барлық саладағы жылдық жоспарлар-дың ертерек бекітіліп болатынын меңзеді. Сөз ләмінен қарап Ұлттық құрылтай биыл наурыз айында шақырылуы мүмкін деп болжауға бола-ды.

Мемлекет басшысының жарияға шыққан сұхбатына зер салған жұрт ондағы «Қаңтар» тақырыбына тоқталған тұсын айрықша зерде-легені анық. Ел ішінде «бұрын «желтоқсан» келсе аңтарылып қалатын едік, енді «қаңтар» келсе қаңтарылып қалатын болдық» деген пікірлер айтылып қап жүргені жасырын емес. Осындай сан алуан пікірлерге жауап ретінде Президент бұл жолы осы бір сезімтал тақырып-ты батыл әрі шешіле сөз етіпті. Мемлекет бас-



шысы ғана емес, ел азаматы ретінде де атал-мыш оқиғаға қатысты өз пікірі мен ұстанымын айқын көрсетіпті. Оқиғаның себебіне қатысты сөзінде Президент: «Мен 2019 жылы Прези-дент болып сайланғаннан кейін мемлекетіміз саяси жүйені демократияландыруға, қо-ғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономи-каны монополиядан арылтуға бет бұрды... Ашығын айтсам, осы жаңа бағдарымыз кейбір ықпалды адамдарға мүлде ұнаған жоқ. Олар бұл өзгерісті елімізде әбден тамыр жай-ған жүйеге және билік құрылымындағы өз-дерінің «ерекше мәртебесіне» тәнген қатер деп қабылдады. Мұндай адамдар елдегі өз-геріске астыртын, кейде тіпті ашық қарсы-лық білдіре бастады. Ақыр соңында реформа-ның бетін қайтарып, өздеріне ыңғайлы бұрынғы қалыпқа оралу үшін бәрін тас-талқан етуге шешім қабылдады», – дейді.

Әрі бұл лауазымды тұлғалардан тұратын топтың елдегі күштік құрылымдарға, қылмыс-тық топтарға, тіпті әсірәдіншілдерге ықпалы-ның зор болғанын да ашық жеткізді. Ұзақ әрі барынша тыңғылықты дайындықтан кейін олар билікті күшпен басып алуға күш салға-нын ашық айтты. Дейтұрғанмен, сөз басында Мемлекет басшысы бұл оқиғаның түпкілікті себептері қатарында «жылдар бойы қорда-ланған әлеуметтік-экономикалық проблема-лар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы» сынды себептердің тұр-ғанын мәлімдеді. Түйіндей айтқанда, халық-тың шынайы талабы мен билікті басып алушы-лардың китүрқылғы мүлде басқа екенін ашалай көрсетті. Жалпы, «Қаңтар» тақырыбы-на қатысты өзге де сұрақтарға жауап бере отырып, Президент «тәртіпсіздікке кездейсоқ қатысқан, білместікпен арандап қалған адам-

дардың бұзақыларға қатысы жоқ» екенін, алай-да «Қаңтар оқиғасының себеп-салдарын бұр-малап көрсетудің қажеті жоқ. Турасына көшсем, бұл халық көтерілісі болды деген пікір-лер қылмыстық әрекеттерді ақтау үшін ай-тылуда. Барып тұрған бұзақыларды батырға балап, жұртты арандатып әрі жауап-кершіліктен жүрдай сыңаржақ пайымдар қылмыстық психологияның қоғам санасына сіңуіне әкеп соқтырады. Мұндай әңгімелер ұлттық қауіпсіздікке және халықтың жайма-шуақ өміріне қатер төндіретін жаппай тәртіпсіздікке шақырумен пара-пар. Бұл – өте қатерлі үрдіс. Сондықтан осындай жү-генсіздікті сынга алу мәселесіне келгенде мем-лекет пен қоғамның ұстанымы ортақ болуы керек», – деп тұжырымдады.

Осылайша жаңа жылдағы Мемлекет бас-шысының алғашқы сұхбаты қоғам арасындағы бірқатар күмәнді сөйлісті, түйткілді түйіндерді тарқатты. Сонымен бірге, «Қаңтар» оқиғасына дейін елімізде «Екі билік орталығы болды ма?» деген сауалға да ашық жауап берілді. Билік транзиті тұсында кейбір күштердің қосарлан-ған билік жүйесін орнатуға тырысқанын қадап айтып, түбі «қаңтар дағдарысына» алып келген мұндай келеңсіз жайттан болашақ ұрпақ сабақ алуы қажеттігіне маңыз берді.

Сыртқы саясаттағы басым бағыт

Былтыр еліміз сыртқы саясат саласында маңызды қадамдарға барды, әлемдегі күрделі жағдайға қарамастан өзінің ұстанымы мен көз-қарасын барынша сақтай білді. Жаһандық гео-саяси үрдіс біртінде бізді қамтыған Орта Азия

аймағының геостратегиялық маңызын жоғары-лата түсті. Бұл Қазақстанға және аймаққа жаңа сын-қатерлерді де, оған қоса гүлдену мен даму-дың жаңа орайларын да ала келді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сұхбатында еліміздің сыртқы саясатындағы маңызды қадамдары мен алдағы бағыты туралы да сөз етті: «Аумалы-төкпелі геосаяси жағдайда шетелдік барлық серіктерімізбен, әсіресе, көршілерімізбен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту маңызды» екенін атай отырып, басты мақсаты-мыз – ел егемендігі мен аумақтық тұтастығы-мызды сақтау, азаматтарымыздың құқығы мен мүддесін қорғау, тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізу екенін баса белгіледі.

Аймақтың артып келе жатқан геостратегия-лық маңызына да тоқталған Мемлекет басшы-сы, Орта Азия жаһандық геосаяси жағдайға өз ұстанымын айқындап, әрі қарқынды дамып келе жатқанын айтты. Аймақтың ішкі интегра-циясының да соңғы жылдары қарқын ала дамы-ғанын білеміз. ҚР Президенті бұл үрдісті жоға-ры бағалап, ішкі диалог пен «5+1» сынды сыртқы диалогтардың қатар дамуы аймақ ел-дерінің алпаут елдермен ынтымақтастықты жетілдіруде маңызды рөл ойнап отырғанын растады.

Еліміздің сыртқы саясатындағы басым ба-ғыттар – Ресей Федерациясы және Қытай Ха-лық Республикасымен тату көршілік, сенімді серіктестік қарым-қатынасты дамыту. Еліміздің бас басылымындағы сұхбатында Қасым-Жо-март Тоқаев осы бағытқа да айрықша екіпін берді. Биыл Ресейде өтетін президент сайлауы-ның еліміз үшін де маңызы зор екенін айта келіп, көрші елдегі маңызды саяси науқанды мұқият назарда ұстайтынын жеткізді.

Президент былтыр Қытай Халық Респуб-ликасына жасаған екі реткі сапарында шығыс көршімізбен де маңызды уағдаластыққа қол жеткізгенін алға тартты. Бұған қоса, Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы бұрынғы қасаң көзқарастарға қаңтарылмай немесе жұрттың салған үрейіне бой алдырмай, екі ел ортасында өзара сенім негізінде дамуы керектігін баса атап өтті. «Қазақстан мен Қытай арасында визасыз жүру режимі күшіне енді. Мұның мәні зор. Енді отандастарымыз көрші елге еркін-еркін барып, келе алады. Азаматтарымыз осы мүмкіндікті оңтайлы пайдаланады деп үміт-тенемін. Елімізде Қытайға қатысты баяғы қасаң түсініктерге негізделген немесе бізге сырттан тағылған жөнсіз үрей болмауға тиіс. Қазіргі Қытай – өте жоғары дамыған, соның ішінде озық технология саласында зор табысқа жеткен мемлекет. Мұны бүкіл әлем мойындап отыр. Сондықтан шығыстағы көршімізбен ынтымақта болу, достық қарым-қатынас пен өзара сенімнің артықшылықта-рын тиімді пайдалану Қазақстан үшін аса маңызды», – деді Президент.

Алдымызда маңызды міндеттер тұр

Елдің саяси-әлеуметтік өмірі, қоғамдық сенім мен тұрақтылық тұрғысында Мемлекет басшысының бұл сұхбатында ауқымды тақы-рыптар бағдарланған. Әсіресе, еліміздің осы-ған дейінгі билік кезеңінен қоғам санасына са-рытап болып сіңіп қалған көзқарастардан арылудың маңызы осы арада көрінеді. Айта-лық, жұрт ішінде сөз етіліп жүрген «Ұзақ мерзімді ел билеу үрдісі жалғасып кете ме?» дейтін күмән күйге нүкте қойылған. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституциялық рефор-маның елдің болашақ өмірі үшін жасалғанын, әрі енді оның өзгермес талабының бірі ретінде «7 жыл, 1 мерзім» қағадасы бұлжымай сақта-латынын ашалап тұрып атап өткен. Тәуелсіз Қазақ елінің дәуірден дәуірге дамып жетуі үшін билік дәстүрінің өскелең өнегеге құрылуы ең басты шарт. Бұл тұрғыдан келгенде, Прези-денттің бұл сөзі қазіргі жоғарғы билік өкілдері-не, болашақ билік тізгінін ұстаушыларға да үлгі болса керек-ті.

Өрине, ел өмірі тек саясаттан тұрмайды. Әлеуметтік-экономикалық сала бізге ауыр мін-деттерді жүктеп отыр. Оның үстіне, Президент қыркүйектегі Жолдауында 2029 жылға дейін елдің жалпы ішкі өнім құнын екі есеге дейін арттыруды экономиканың басты даму мақсат-тарының қатарына қойды. Бұл ауыр міндет болғанымен, Мемлекет басшысының айтуын-ша, Қазақстанның қазіргі экономикалық даму мүмкіншіліктерімен бұл межені бағындыруға әбден болады. Ол үшін ауқымды өнеркәсіп жобасын жүзеге асыру, инвестиция тарту және экономиканың барлық саласында «ойын тәртібін» белгілейтін жүйелі реформалар жасау сынды маңызды міндеттер тұр. Ең маңыздысы, Қазақстанда заң мен тәртіптің үстемдік құруы оның нағыз гүлденген елге айналуының кепілі. Президент бұл сұхбатында осы сынды маңызды мін-деттердің атқарылуы бар-лық қазақстандықтардың ортақ мақсаты әрі ортақ болашағы екенін жеткіз-ген.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



Ерлан ҚАРИН,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кеңесшісі:

ЖАСАМПАЗДЫҚҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин өзінің Telegram парақшасында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған сұхбаты жайлы пікір білдіріп, жазба қалдырды.

Кеңесші тұжырымдағандай, Мемлекет басшысының «Egemen Qazaqstan» газетін-де жарияланған сұхбатының форматы әңгімелесу сипатында болғанымен, көлемі мен мазмұны тұрғысынан алғанда бағдарламалық мақала деуге әбден болады. Өйткені, сұхбат қойылған сұрақ пен берілген жауаптың көптігімен ғана емес, қоғамда қызу тал-қыланып жатқан көкейтесті мәселелерді тұтастай қамтығанымен ерекшеленіп тұр. Солайша Президент мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша күн тәртібін айқындап, бағдарын нақтылап берді.

«Біз үшін Президенттің ішкі саясат және идеология саласына қатысты айтқан ой-пікірі мен белгілеген басымдықтары аса маңызды. Мемлекет басшысы бірқатар бастама мен жобаның жай-жапсарын жеткізіп, аңдатпа жасады.

- Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтеді;
- Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты жазаны қатаңдату қолға алынады;
- 2024 жылы өтетін айтулы іс-шаралар мен басқа да атаулы күндердің бет-бей-несін белгіледі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың тақырыпқа шығарылған «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» деген сөзі барлық идеяның өзегі. Жалпы алғанда, бұл сөз Президент жүргізіп отырған идеологиялық бағыттың шағын формуласы. Бұл сөз қоғамды жасампаздыққа жетелейді: өткен күнмен өмір сүрмей, болашаққа нық қадам басуға үндеп, халықты бөлетін емес, біріктіретін жалпыұлттық құндылықтарды басшылыққа алуға шақырады», – деп жазды Мемлекеттік кеңесші.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: web.telegram.org/k).



АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС

Алматының жылу энергетикалық кешенінде инженерлік желілер мен жабдықтардың тозу деңгейі төмендеп келеді.

Алдын ала есептеулер бойынша ағымдағы жылы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша жүргізілген жылумен жабдықтау саласындағы кезекті модернизациялау өзінің 25 жылдық қызмет мерзімін өтеген құбыр желілерінің пайызын 59,2%-ға дейін қысқартуға мүмкіндік берді.

Жылу аралық кезеңде жалпы ұзындығы 7,6 шақырым жылу желілеріндегі 12 нысан реконструкцияланды.

Жылу өндіру секторында барлық 84 қазандықта жөндеу-профилактикалық және реконструкциялау жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, 7 жылу нысанының 13 қазандығы, 12 қазандықтың 24 түгін сорғышы, сондай-ақ басқа да қосалқы жабдықтар ауыстырылды.

Модернизациялау аясында «Южная» аудандық қазандығының өндірістік қуаты 1,5 есе, ал «Премьер» қазандығының өндірістік қуаты 2 есе өсті.

Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау бас-



кармасының хабарлауынша, жүргізіліп жатқан жұмыстардың арқасында 2023 жылы сумен жабдықтау желілерінің тозуы 2022 жылғы 55,7%-дан ағымдағы жылдың соңына қарай 54,3%-ға, ал су бұру 2022 жылғы 57,8%-дан 57%-ға дейін төмендеді. Алматыда газдандыру деңгейі 99,4%-ға жетті.

Өткен жылдың қорытындысы бойынша мегаполисте барлығы 231 шақырым инженерлік желі салынды және модернизацияланды. Оның ішінде 117 шақырым сумен, 96 шақырым су бұру және 18 шақырым жылумен жабдықтау жұмыстары бар. Сонымен қатар, 13 кәріз сорғы станциясы салынды.

ЛИФТ

ЖЕДЕЛСАТЫЛАР ЖАҢАРДЫ

2023 жылы 109 үйдегі
198 лифт ауыстырылды

Алматының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының деректері бойынша қалада 12 836 лифт тіркелген.



Оның 6885-тен астамы қаланың тұрғын үй қорында пайдаланылады. Олардың арасында пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын 180 лифт бар.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы 86 көппәтерлі тұрғын үйде 155 бірлік лифт жабдығын ауыстыру жоспарланды. 2023 жылдың соңында жоспар асыра орындалды, жұмыс қорытындысы бойынша 109 үйдің 198 лифті ауыстырылды.

Азаматтардың жайлы тұруы үшін тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған ТКШ жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы аясында 2023 жылы «Алматы тұрғын үй» уәкілетті ұйымы 95 көппәтерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жүргізді. 2024 жылы 100 көппә-

терлі тұрғын үйде күрделі жөндеу жоспарланған.

2011-2022 жылдар аралығында «Алматы тұрғын үй» уәкілетті ұйымы 965 көппәтерлі тұрғын үйде жөндеу жұмыстарын жүргізді және 907 үйде 1935 лифт ауыстырылды.

Еске салсақ, Алматыда ТКШ жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның аясында тұрғындар үйді 8 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге қайтарымды негізде күрделі жөндеуден өткізе алады. Бағдарламаға қатысу үшін тұрғындар жалпы жиналыста тұрғын үйді жөндеу туралы шешім қабылдайды, содан кейін басқару органы хаттама мен «Алматы тұрғын үй» ЖШС бағдарламасының операторына қатысуға өтінім береді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ЖАРЫҚ әрі ҚАУІПСІЗ

Жолайықтардағы 90 шам мен 630 метр мыс кабель ауыстырылды

«Алматы Қала Жарық» МКК қызметкерлері айналма жолдарда жарық беретін құралдарды қалпына келтіруді жалғастыруда.

Әл-Фараби даңғылы мен Жароков көшесінің қиылысындағы жолайықта биіктігі шамамен 40 м болатын 9 дінгек қалпына келтірілді.

Дінгектер үлкен аумақтар және ірі инфрақұрылымдық нысандарды – спорт ғимараттарын, әуежайды, теміржол бекеттерін, автомобиль жолдарын, жолайықтарды, өнеркәсіптік кәсіпорындарды, автотұрақтарды және т.б. жарықтандыруға арналған.

Жароков көшесі мен әл-

Фараби даңғылының қиылысында көлік көп жүретін учаскеде жарық беруді арттыру үшін 400 Ватт болатын 90 шам орнатылды.

Қалпына келтіру жұмыстары кезінде 630 метр мыс кабель ауыстырылды. «Алматы Қала Жарық» МКК мамандары атағандай, бұрын бұл жолайықта жарық көмескі еді, құрал-жабдықтың сапасыздығына байланысты жарық оқтын-оқтын өшіп қалатын.

Әл-Фараби даңғылындағы тунелдерде де жарықтандыру қалпына келтірілді.

Естеріңізге сала кетейік, қазан айында «Алматы Қала Жарық» МКК көше жарығы мәселесін шешу үшін техникалық қызметкерлер штатын көбейтті. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен алғашқы бригада жасақталып, саны 30 адамға жетті. Мобильді топ қызметкерлері көшені жарықтандыру түйткілін тездетіп шешу үшін жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталған.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

ЖАҢА ЖОЛ

Ұзындығы 360 метр болатын Г-тәрізді тротуар салынды

Қала әкімінің тапсырмасы бойынша 2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында Абай даңғылынан №208 мектепке дейін «Қарғалы» өзенінің бойында ұзындығы 360 метр, ені 2,5 метр Г-тәрізді тротуар салынды. Сондай-ақ, 34 жарық тірегі орнатылды.

Тротуар салу туралы ұсынысты ата-аналар 2023 жылы қала әкімі Ерболат Досаевтың Наурызбай ауданының тұрғындарымен кездесуінде айтқан болатын.

Айта кетерлігі, мектеп Абай даңғылы мен Ілтипат көшесінің арасына орналасқан. Мектепке жету үшін оқушылар бүкіл жеке секторды айналып өтуге мәжбүр болды.

Еске салсақ, 2022 жылдың қараша айында Наурызбай ауданында 1500 оқушыға арналған №208 мектеп пайдалануға берілген еді.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

«ЖАЙЛЫ ОРТАДА ӨМІР СҮРЕМІЗ»

қарасулықтардың өз жасыл оазисі бар

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша «Қарасу» шағынауданы тұрғындарының демалуы мен белсенді уақыт өткізуі үшін жаңа орын құрылды.

Жоба аясында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Соның арқасында ауданы 36,5 мың шаршы метр жасыл аймақ кеңейтіліп, жақсартылды. Төсеу және асфальт төсеу, 79 жарықтандыру құрылғыларын, 32 орындық және 20 тас урна



МЕДЕУ АУДАНЫ

Талапқа сай өткелдер

Медеу ауданында 13 жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткеліне ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталды.

ШААЖ бойынша 8 жерүсті өткелі және 5 жерасты өткелі толығымен жаңартылды. Шатырды ауыстыру, сапалы жарықтандыруды орнату, қабырғаларды жаңарту, асфальт төсеу және сәндік сылақ жұмыстары жүргізілді.

Достық–Қажымұқан даңғылы, Абай–Достық даңғылы, әл-Фараби–Мендікүлов даңғылы бойындағы үш жерасты өткелінде гидроокшаулау жұмыстары жүргізілді.

5 нысан алматылық суретшілердің суреттерімен безендірілген. ШААЖ өткелінің қабырғаларында, Құмай көшесінде қаланың символы – Алматы апортының суреті салынған.

Айта кетейік, Медеу ауданында барлығы 20 жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелі бар.

орнату жұмыстары жүргізілді. 1251 ағаш отырғызылды. Олардың арасында емен, қайың және басқа да ағаш түрлері бар.

Айта кетерлігі, Алатау ауданы әкімінің аппараты 2024 жылы жасыл аймақтар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру және жақсарту бойынша жұмысты жалғастыруға ниетті. Ал осы жоба аясында суару жүйесін төсеу, шағын архитектуралық пішіндерді (ШАП-дерді), перголаларды және басқа элементтерді орнату көзделген.

«Қарасу» шағынауданындағы жасыл аймақты одан әрі жаңарту да оның тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.



Бетті әзірлеген
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





«ПЛАТФОРМА» ЖОБАСЫ

МҮГЕДЕКТЕР ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК

мәселелері талқыланды

2023 жылы Алматы қаласын дамыту орталығының қала құрылысын дамытудың түрлі мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың, жұртшылықтың және бизнестің бірлескен жұмысын талқылау, ортақ шешімдерді әзірлеу және бірлескен жұмысын күшейту бойынша қызметі жеке қалалық «Платформа» жобасына бөлінді.



«Платформа» жобасының механизмі азаматтардың, әкімдіктің, кәсіпкерлердің, сарапшылар қауымдастығының проблемаларды анықтауда, шешімдер қабылдауда, ресурстарды іздеу принципін анықтауда және ортақ мүдделер үшін жауапкершілікті бөлуде «қатысушылығын» білдіреді. Біз «Платформаның» бірінші талқылауын қала әкімдігі қызметінің маңызды бағыттарының бірі – жүріп-тұруы шектеулі азаматтар үшін қолжетімді өмір сүру ортасын құруға арнадық. Әрқайсымыз үшін қолжетімділік тұрғын үйден, кіреберістен, ауладан басталады, одан кейін жол желісі, қоғамдық көлік және әлеуметтік инфрақұрылым. Сондықтан Платформа аясында біз бірінші кезекте уәкілетті органдар мен қаржыландыру көздерін ведомствоаралық үйлестіру ме-

низмін көрсете отырып, тұрғын үйлерді бейімдеудің қалалық бағдарламасын құру туралы ұсыныс жасадық», – деді «Алматы қаласын дамыту орталығы» АҚ басқарма төрағасы.

Атап айтқанда, бағдарламаның әкімшісін және құрылғыларды орнату мерзімдерін, жүк көтергіш құрылғыларды орнатуға мүгедектердің өтініштерін қарайтын комиссиялардың жұмыс алгоритмін, қаражатты тарту арқылы жобаны бизнес қауымдастығы мен жеке меценаттар тарапынан ықтимал қаржыландыруды, сондай-ақ құрылғыларға техникалық қызмет көрсетуді аудан қала әкімдіктеріне беру шарттарын анықтау ұсынылды.

Отырыс қорытындысы бойынша АҚДО барлық ұсыныстарды жинады, кейін олар қала әкімдігінің қарастырылуына жіберіледі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі
Богдан ДЖЕПКА:

Мен «Платформа» жобасы шынымен де жайлы, қауіпсіз қалалық ортаны дамыту және әрбір тұрғынның қолайлығы үшін қажетті жағдай жасау бойынша шешімдерді талқылау және табудың негізгі арналарының біріне айналғанын қалаймын. Өйткені, тек бірлескен күш-жігер ғана барлық мүдделі тараптар синергетикалық әсер бере алады. АҚДО сарапшылары көпқабатты үйлерді лифтвермен және пандустармен қаржыландыру және қамтамасыз ету механизмі бойынша өз ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, кездесу барысында кәсіпкерлердің бірі, «Луч» ЖШС директоры Әліхан Айнашев Түркіб ауданының тұрғынына ұсынылған механизмінің пилоттық жобасы ретінде лифт орнатуды қаржыландыруды ұсынды.

БРИФИНГ

ӨКҚ-де өткен брифингке Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Әнуар Юсупов, Алматы қаласы ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есбол Сұлтанов, Республикалық жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы Вадим Пак, аталған республикалық жасақтың бас құтқарушысы Балтабай Әділхан, Алматы қаласының құтқару қызметінің құтқарушысы Досым Надырбеков қатысып, тілшілер сауалына жауап берді.

МҰЗДАН ӨТУ ҚАУІПТІ!

Айнабай
МӘДІ

Қауіп қайдан деменіз, мұздың жалғыз-жарым адамды көтеруінің қауіпсіз болуына 15 сантиметр қалыңдық жеткілікті болса, көпшілікке арналған іс-шараларды ұйымдастыруға кемінде 25 сантиметрге жетуі керек. Бұл мәліметті Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы жеткізді. Алматы аумағында қыс маусымында қауіпті су қоймалары аз емес. Сол себепті, төтенше жағдайға душар етер су айдында-

рында «Абайлаңыз, жұқа мұз!», «Мұздан өтуге тыйым салынады!» тәрізді тыйым салу және ескерту жазылған 38 белгі бары айтылды.

«Бүгінде Алматыдағы ауа температурасы 2–4 градус жылы. Әдетте, мұндай температурада мұз жұқарады, қатты болмайды. «Қазгидромет» РМК болжамына сай, алда ауа температурасы 6-дан 12 градусқа дейін жетеді. Бүгінгі күні мұз қалыңдығы 10 см-дей, бұл жағдай мұз үстінен өтуге қауіпті», – дейді Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Ә.Юсупов.



КЕРЕК КЕҢЕС

ТЖД қала тұрғындары мен қонақтарына қыс мезгілінде келесі негізгі қауіпсіздік ережелерін сақтауды ұсынады: мұзға жалғыз шықпаңыз, мұздың беріктігін аяғыңызбен тексермеңіз. Егер сіздің аяғыңыздың астында мұз жарылып, жарық пайда болса, қорықпаңыз әрі қауіптен қашпаңыз. Мұндайда ақырын мұзға жатып, қауіпсіз жерге домалаңыз.

Судағы шөп-шалам арасына түсіп қалсаңыз, қорқынышқа бой алдырмай, қолды кеңге жайып, мұзға қарай жылжыңыз. Құтқару кезінде тез, батыл, бірақ өте сақ болыңыз. Құтқару затын 3-4 метр қашықтықтан беріңіз.

ТҰРҒЫН ҮЙ

БАСПАНАҒА КІМДЕР ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ?

Биыл мемлекеттік бағдарламалар бойынша кемінде 5787 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланған

Алматының аумағы кейіннен қосылған елдімекендер есебінен ұлғайып, халқының саны бұрынғыдан да өсті. Ал халық саны артқан сайын баспана тапшылығы да күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселеге айналары сөзсіз. Бұл бағытта Алматыда қандай жұмыстар атқарылды? Мәселен, биыл шаһарда қанша адам үй алды? Мемлекеттік бағдарламалар аясында қанша адам пәтер кілтін алды? Сауалымызға Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Данияр Қырықбаев жауап берді.



топтары және 14 506 – бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері; сондай-ақ 1 жалғыз баспанасы апатты жағдайда деп танылған азамат бар.

– Жалпы, қалада Тұрғын үй қорынан берілетін баспанаға кімдер қол жеткізе алады?

– Иә, қазіргі таңда тұрғын үй мәселесі кез келген адам үшін ең өзекті тақырып. Алайда, оны шешудің бірнеше жолы бар. Мәселен, өзі депозитке қаржы жинап үйді тікелей сатып алу, банктердің ипотекалық бағдарламалары, жалға алып, кейін толық сатып алу, мемлекеттік бағдарлама арқылы алу немесе азаматтардың жекелеген тобына әкімдіктен берілетін үйлер, т.б. секілді. Дейтұрғанмен, біздің елде үй кезегіне тұра алатын адамдар санаты электронды үкімет порталында бекітілген, яғни мемлекеттік тұрғын үй қоры-

нан баспана алуға үміткерлер тізімі бар. Тұрғын үй беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңымен реттелген. Заңға сәйкес тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған азаматтар «Электрондық үкімет» порталы арқылы қажет құжаттарды тіркеп, өтініш берілген кезден бастап тізімдерде белгіленген кезек тәртібімен беріледі. Егер азаматтар қолданыстағы тұрғын үй заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда, тұрғын үйге мұқтаждар есебіне қою туралы мәселені қарау үшін www.eGov.kz порталы арқылы өтініш білдіруге құқылы. Ол үшін Kezekte.kz акпараттық жүйелер платформасындағы Shanuqa тұрғын үй кезегіне тұруға арналған акпараттық қызметіне жүгініңіз.

– Былтыр Алматыда мемлекеттік бағдарламалар бойынша қанша отбасы баспаналы болды?

– Өткен жылы 2427 азамат тұрғын үймен қамтамасыз етілді. Оның ішінде: 405 отбасы коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін тұрғын үйге; 630-ы «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша (2-10-20); 320 – «Шанырақ» бағдарламасы бойынша (5-10-20); 1097 – «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша (5-10-25) баспанаға ие болды. Сондықтан ешқашан күн тәртібінен түспейтін баспана мәселесі қаламызда байыппен шешіліп келеді деп айтуға болады.

– Қала жастарын тұрғын үймен қамтудың қандай жолдары бар?

– 2023 жылы Алматыда жастарға арналған тұрғын үйге өтініш қабылдау басталған болатын. Баршаңызға белгілі, тұрғын үй – жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы шеңберінде беріледі. Алматының

жұмыс істейтін 35 жасқа дейінгі жастарынан өтініштер мен құжаттарды қабылдауды қаланың коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы 11–15 желтоқсан аралығында жүргізді. Барлық құжаттар сайт арқылы қабылданды. Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй қала шегінде (Наурызбай ауданындағы 2100 пәтер), үш жылға беріледі.

– Биыл қандай жоспарларыңыз бар? Алматылықтарды баспанамен қамту жұмыстары жалғаса ма?

– Әлбетте, жалғасады. Жыл соңына дейін мемлекеттік бағдарламалар бойынша кемінде 5787 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланған. Оның 1451-і – коммуналдық тұрғын үй қорынан жалға берілетін тұрғын үй, 185 – көпбалалы отбасылар, 216 – халықтың әлеуметтік осал топтары, 1050 – жұмыс істейтін жастар үшін; Халықтың әлеуметтік осал топтарына – 2000 жалға берілетін пәтер. Қазіргі уақытта оларды сатып алу бойынша іс-шаралар жүріп жатыр. Сондай-ақ, 1236 – кезекте тұрған азаматтарға арналған несиелік тұрғын үйлер мен «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бойынша 1200-ден кем емес пәтер беру жоспарда бар. Реті келгенде айтып кетейін, жалпы, пәтердің берілуі тұрғын үй құрылысының аяқталуына және Алматы қаласының коммуналдық тұрғын үй қорына келіп түсуіне байланысты екенін ескере жүріңіздер. Ал баспаналы болсам деген үміті басым алматылықтар биыл да қоныс тойын тойлайтыны анық. Бұйырса, баршамызды сол жақсы жаңалықтың жаршысы болуға жазсын.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



КОМЬЮНИТИ ОРТАЛЫҒЫ

ЖЫЛЫНА ЖҮЗ МЫҢДАҒАН ЖАСҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Өткен аптада шаһар басшысы Ерболат Досаев Әуезов ауданына қарасты «Мамыр-1» ықшамауданында жаңа комьюнити орталықтың ашылуына қатысты. Бұл ауданда 14 жас пен 35 жасқа дейінгі 102 мың жас тұрады. Соның 7,8 пайызы NEET санатындағы жастар.



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Комьюнити орталық жастардың шығармашылық бастамасын дамытып, оларды қызығушылығы бойынша біріктіретін идея алмасу алаңына айналмақ.

Жалпы комьюнити орталық жастардың шығармашылық бастамасын дамытуға бағытталған еліміздегі жалғыз жоба. Бұл мақсатта өткен жылы қала әкімдігі бірқатар ғимараттар сатып алып, жөндеген еді. Осы аптада тағы 7 орталық ашылу жоспарда бар. Осылайша мегаполис бойынша жұмыс істейтін 8 комьюнити орталық жылына 800 мыңнан астам жасқа қызмет көрсетуді көздеп отыр. Орталықтардың жұмыс кестесі

қаңтардың екінші жартысында жарияланады. Мұнда тегін негізде білім беру мен мәдени іс-шаралар өткізіліп қана қоймай, жастар білікті психологтар мен заңгерлердің көмегіне жүгіне алады. Бұдан өзге жұмысқа орналасуға, қаржы мәселесі бойынша кеңес алуға мүмкіндіктері бар.

«Алматы – жастар қаласы. Мегаполисте 14 пен 35 жас аралығында 680 мыңнан астам жас бар. Алайда, бас қосып, ой бөлісетін, қиын кезде көмек көрсететін мұндай орталық қалада болған емес. Қазір біз бұл мәселені тийімді шешіп жатырмыз. Жыл соңына дейін базалық инфрақұрылым құруға тырысамыз», – деді қала әкімі Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, жиында шаһар басшысы коммуналдық орталықтардың резиденттерін жұмысқа орналастыру және жұмыс берушілермен одан әрі серіктестік үдерісін бақылау маңызды екенін ерекше атап өтті.

«Бізге сіздерден кері байланыс қажет: барлық білім беру курсы мен біліктілікті арттыру курсы, жастар бағдарламасын қазіргі заманға бейімдеу керек десеңіздер, қайта қарастыруға дайынбыз. Мемлекет басшысы өз сұхбатында айтқандай, жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Алдағы 2-3 онжылдық жастардың қолында», – деді қала әкімі.

Егер қазір Алматының әр ауданында 1 комьюнити орталық ашылса, жыл соңына дейін олардың санын екі есе арттыру көздел-



● БІЛЕСІЗ БЕ?

NEET санатындағы жастар деген кімдер? NEET жастар – XX ғасырдың соңына қарай пайда болған ұғым. Ғылымда NEET термині ағылшын тіліндегі «Not in Employment, Education or Training» ұғымының бас әріптерінен құралған. Қазақ тіліне аударсақ «не жұмыс істемейтін, не оқымайтын, не өзге де істермен айналыспайтын адам» деген мағынаны білдіреді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАИН, ЧОВ.

ген. Жоспар бойынша 2025 жылға қарай мегаполисте осындай 16 алаң жұмыс істейді. Жастар жаңа мамандықтар мен қажетті дағдыларды үйге жақын маңдағы комьюнити орталықтан үйрене алады.

«4-курсның соңында аспаз болып жұмыс істедім. Университеттен кейін не істеу керектігін білмедім. Сосын «Jasaltaty.kz» платформасында маркетинг курсына тауып, оқудан кейін сол компанияға жұмысқа орналастым. Енді өз орнымды тапқандаймын. Оқу барысы өте ұнады, AppStore-да порталдың мобильді қосымшасы бар екені ыңғайлы», – дейді комьюнити орталыққа келуші Ержан Тәңірбергенов.

Тұрғылықты жерін ескеріп сабаққа қатысу мүмкіндігі тыңдаушыларды көбірек қамтуға мүмкіндік береді.

«Жұмыссыздар коммуналдық орталықтан мемлекеттік бағдарламалар

бойынша кеңес ала алады, сонымен қатар, жұмысқа орналасу мен оқуға қатысты нәрселерді біле алады. Ол үшін «Jasaltaty.kz» порталына тіркеліп, «JobFair365» жұмысқа орналастыру платформасында түйіндеме жазу керек. Бұл ретте көздеген бос жұмыс орны бойынша қажетті дағдысы болмаса да, жастар «SkillBridge» платформасында өзекті мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқытудан өте алады», – дейді қалалық Жастар саясаты басқармасының басшысы Қайыржан Мендіғалиев.

Комьюнити орталықтарының резиденттері үшін барлық қызмет тегін. Бұған қоса, көлікке, қоғамдық тамақтануға, спорттық және мәдени инфрақұрылымды пайдалануға, оқыту мен шеберлік дәрістеріне жеңілдіктер беретін кешенді дисконттық карталар іске қосылған.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Достық үйінің» мәжіліс залында Алматы қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері шаһарымыздан сайланған ҚР Парламенті Сенатының бір топ депутатымен кездесті.



Айнабай
МӘДИ

Жылы жүздесу кезінде Кеңес мүшелері ел өміріндегі бірқатар заңдылыққа, қаламыздың тыныс-тірлігіне қатысты өзекті мәселелерге байланысты көкейдегі сауалдарын жолдап, пікір алмасты. Бүгінге кездесуге дейін Алматы қаласынан сайланған бес сенатор Алматы қаласы әкімінің қабылдауында болып, мегаполисте атқарылып жатқан маңызды мәселелердің жай-күйін білді. Сондай-ақ, шаһарымыздағы Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерімен, қалалық мәслихат депутаттарымен кездесіп, пікірлесті, өзекті мәселелердің ортақ шешімін ойласты.

«Сапардың негізгі мақсаты – өңірдің проблемаларымен тікелей танысу, жұртшылықпен жүздесу. Сонымен бірге, елімізде қабылданған заңдардың жергілікті жерлерде қалай жұмыс істеп жатқандығын анықтау. Біз көздеген мақсат та әлеуметтік-экономикалық, мәдени, басқа да салалардағы түйткілді проблемаларды, елеулі мәселелерді бірлесе отырып талқылау. Мұның өзі

АЛМАТЫҒА СЕНАТОРЛАР КЕЛДІ



келешекте қабылданатын заң жобаларына жұмыс істеу кезінде пайдалануға бағытталған арнайы жұмыс сапары болды», – деді ҚР Парламенті Сенатының депутаты Нұртөре Жүсіп.

Бұл құрамда Нұртөре Жүсіппен бірге Сенаттың бюджет және қаржы комитетінің төрағасы Сұлтанбек Мәкежанов, Президент Жарлығымен тағайындалған Сенат депутаты Нұрия Ниязова, сондай-ақ Жанна Асанова, Ләззат Қалтаева сынды сенаторлар бар. «Қысқы каникулдағы» бұл «бестіктің» бұрнағы күннен бері өткізген кездесулерінде біраз түйткілдің түйіні тарқағандай. Сенатор Н.Жүсіптің өзі Алматы маңындағы Ядролық



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

физика институтында кездесуге қатысып келген беті екен. Сенаторлардың Алматының Қоғамдық кеңес мүшелерімен арнайы кездесуінің өзіндік мәнісі бар. Өйткені, былтыр қоғамдық бақылау, қоғамдық бірлестіктер туралы заңдар қабылданғаны белгілі. Енді сол заңдардың қалай жұмыс істеп жатқандығын байқау, бақылау, талқылау да еліміздегі ел сенген жоғары заң шығарушы өкілеттіктің абыройлы міндеті.

Сенаторлар кездесуі кезінде денсаулық сақтау, білім беру мәселесі басты тақырып болғандай. Қоғамдағы құбыжық құбылыс – балалар арасындағы есірткіге еліктеушілік, жастардың несиеге «кіріп кетіп», қарызға

белшеден батуы да сенаторларға құлаққағыс етілді. Осындай көптеген ұсыныс ортаға салынды.

Депутаттар осындай мәнді мәселенің мәнісін түгелдей дерлік дәптеріне түртіп алып отырды десек болғандай. Елордадан келген маңызға ие мандат иелері өздеріне артылған жауапкершілік жүгін сезінгенде солай болады, әлбетте. Соны сезінгендей болды. Енді ел сенімін арқалаған сенаторлар 8 қаңтарда басталған жұмысында осының бәрін ой елегінен өткізіп, аталған өзекті мәселелердің заңдық-құқықтық негіздемелерін әзірлеуге тікелей атсалысатын болады.



БІЛІМ БӘЙГЕСІ

ЖӘУТІКОВ ОЛИМПИАДАСЫ



Рая
ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Жәутіков олимпиадасы – үш бірдей пәннен бір мезгілде өтетін әлемдегі ең бірегей олимпиада. Биыл осынау олимпиаданың біздің елімізде, нақтырағы Алматы қаласында өткізіліп келе жатқанына тура 20 жыл толып отыр. Аталмыш олимпиада алғаш рет Алматы қаласында 2005 жылы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен өткізілген еді. Дәл осы мезгілде небәрі 5 мемлекеттен келген аз ғана баламен басталған олимпиада бұл күні қанатын кеңге жайып, бүкіл құрлықтың асыға тосатын білім бәйгесіне айналып отыр. Сол жолы тау етегіндегі Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында салтанатпен басталған байқау талай алғыр баланың тұсауын кескен еді.

Әлемнің есепке жүйрік балалары биыл да Жәутіков атындағы XX Халықаралық олимпиадада бас қосып отыр. Олимпиадаға Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Болгария, Тәжікстан, Моңғолия, Грузия, Сербия, Үндістан және Румыния сынды әлемнің 16 елінен 55 команда, 650-ге жуық оқушы қатысады. Әлем балаларының асыға тосатын білім бәсекесінің өзіндік артықшылықтары бар.

Ең басты мақсат – дарынды оқушыларды анықтап, оларды интеллектуалдық тұрғыда одан әрі дамыту және кәсіби бағдарлау үшін жағдай жасау, оқушылар арасында физика, математика және IT білімдерін тарату және насихаттау, сондай-ақ басқа елдердің физика-математикалық мектептерімен халықаралық ынтымақтастықты дамыту болып отыр. Сондай-ақ, үш жыл бойы онлайн форматта өткізілген олимпиада биыл офлайн форматта ұйымдастырылды. Бұл да өз кезегінде қатысушылар санының артуына өзіндік әсерін тигізіп отыр. Әлемге әйгілі олимпиаданың басты ерекшелігі – оның мектеп базасында өткізілуі. Соңғы жылдары О.Жәутіков атындағы физика-математика мектебінің базасында математика, физика пәндері бойынша өтетін білім бәсекесіне информатика пәні қосылып, ауқымы кеңейді. Бұл да олимпиаданың ауқымын ғана кеңейтіп қоймай, маңызын да арттырып отыр.

Олимпиаданың салтанатты ашылуы Almaty theatr-ында өтті. Алдымен олимпиаданың тарихы туралы фильм көрсетіліп, қатысушылар әр жылдардағы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ділмұрат ҚЫРҒЫЗБАЕВ
(Қырғызстан, Баткен қаласы):

Анамды бір қуантсам деймін

Алматыға алғаш келуім. Оның үстіне, мұндай халықаралық олимпиадаларға қатысқан емеспін. Барлық туыстарым, мектебім мен ұстаздарым маған үлкен сенім білдірді. Мен жеңуге тиіспін! Алтын медаль алғым келеді. Осылай анамды бір қуантсам деймін.

Максим КЛЕПЕКОВ,
Физика-техника лицейі, (Ресей, Долгопрудный қаласы):

Әлемде мұндай білім бәсекесі жоқ десе де болады

Жәутіков олимпиадасына осымен 6-шы мәрте қатысып отырмыз. Әлемде мұндай білім бәсекесі жоқ десе де болады. Осынау байқау арқылы өз мүмкіндігімізді сынға салмақшымыз. Былтыр алтын медаль алған едік. Биылғы дайындығымыз да жақсы. Оның үстіне, Алматы – өте қонақжай қала. Адамдары да мейірімді. Табиғаты керемет. Міндетті түрде Медеуге барамыз.

шежіремен танысты. Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті әлемдік байқауға мұрындық болған демеушілерге деген алғыстарын жеткізді.

Алғашқы сөз кезегін алған Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев барлық білім бәсекесіне қатысушы үміткерлерді құттықтады.

– Математика, физика және информатика пәндері бойынша өтетін XX Халықаралық Жәутіков олимпиадасының ашылуына қош келдіңіздер! Үш жыл бойы онлайн форматтағы Олимпиада қайтадан офлайн түрде өтетінін және бұл ерекше маңыз беретінін атап өткім келеді. Алматыда

Халықаралық Жәутіков олимпиадасын өткізу игі дәстүрге айналды. 2005 жылы алғаш рет өткізілген кезде 5 мемлекеттен 189 оқушы қатысты. Жыл сайын ауқымы да, қатысушылар да саны артып келеді. Биыл оған әлемнің 16 елінен 600-ден астам дарынды бала қатысып отыр.

Жәутіков атындағы олимпиаданың ауқымы мен кеңінен танылуы Алматы үшін маңызды оқиғаға айналды. Мықты физика-математика мектебімен танымал қаламыздың оқушыларының жеңісі мен жетістігін мақтан тұтамыз. Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлері дарындылық пен табандылықтың үлгісі, олар Қазақстанда да, шетелдерде зор жетістікке қол жеткізіп келеді. Олар MIT, KAIST, Йель, Кембридж сынды әлемдегі ең беделді университеттердің студенттері. Соның бірі – физика пәнінен 2021 жылғы Жәутіков олимпиадасының алтын жүлдегері Рауан Қалдыбаев жарыстан кейін физика пәнінен Халықаралық олимпиадаға қатысып, күміс медаль иеленді. Бүгінде ол АҚШ-тағы Виллиам колледжінің студенті. Халықаралық Жәутіков олимпиадасының жеңімпаздары әрдайым нарықта жоғары сұранысқа ие. Қазір олар Google, Amazon, Booking, Tesla және т.б. танымал халықаралық компанияларда жұмыс істейді.

Олимпиаданың ұраны «Физика мен математика саласындағы серіктестік арқылы ұлы достық». Бұл достық байланыс жыл өткен сайын нығая берсін! XX Халықаралық Жәутіков олимпиадасы сіздер үшін жаңа жеңістерге жету жолындағы ұмытылмас оқиға болатынына сенімдімін. Сіздерге шын жүректен жаңа жетістіктер мен жоғары нәтижелер тілеймін! – деді шаһар басшысы.

Келесі кезекте қатысушыларды Оқу ағарту вице-министрі Наталья Жұмаділдаева құттықтады.

Қазіргі таңда Жәутіков олимпиадасының маңыздылығы айшықталып, салмағы арта түсуде. Өйткені, бірде-бір мемлекетте білімнің патшасы атанған математика, ақыл-ойдың кені болған физика, таланттарды танытатын информатика сынды үш бірдей күрделі пәннен өтетін олимпиада жоққа тән. Сондықтан олимпиаданың басты ерекшелігі де осында болып отыр. Алматы қаласының атынан қатысатын оқушыларымызға олимпиадада сәттілік серік болғай!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ЖОБА



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Алматы қаласындағы мектеп оқушыларының денсаулығын басқару жобасы аясында мектептің тамақтану рационна енгізуді ұсыну үшін ұлттық және басқа да тағамдарды даярлау жоспарлануда. Іс-шара Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі жанындағы «Азық-түлік технологиялары» Құзыреттілік орталығында өтті.

Ернұр
РЫСБАЙ

Іс-шара Алматы қаласы Білім басқармасының ресми қолдауымен өткізілді. Оған мектептердің директорлары, оқушыларға тамақтандыру бойынша қызмет көрсетуші кәсіпкерлер, мектеп оқушылары және олардың ата-аналары қатысты. Технологиялық карталар мен шикізатты салу нормасын ескере отырып, бағдарламада көрсетілген тағамдарды мектеп оқушыларын тамақтандыру бойынша қызмет көрсетуші кәсіпкерлер өздері дайындады. Тағамдарды дайындау келесі бағыттардан тұрды: ұлттық диеталық тағамдар мен балық.

Жобаның негізгі мақсаты мектеп оқушыларының созылмалы ауруларының алдын алудың дәлелді тәсілдерін, денсаулықты және созылмалы ауруларды басқару принциптерін енгізу, мектеп оқушылары үшін тамақтану әдеттері мен өмір салтын өзгертуге ықпал ететін қолайлы жағдай жасау.

Алматы сервистік қызмет көрсету колледжі «Алматы қаласындағы мектеп оқушыларының денсаулығын басқару» жобасының бастамашысы болып табылады және бұл жұмыс «Ұлттық салауатты тамақтану орталығы» Республикалық қоғамдық бірлестігімен бірлесіп жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда зерттеу жүргізу үшін мектептер таңдалды, мектеп оқушыларының ата-аналарынан рұқсат алынды, №135, №153, №201 мектептерде барлық оқушылар бойынша антропометриялық көрсеткіштер өлшенді, мектеп оқушыларымен сауалнама жүргізілді, асхана қызметкерлері оқытылып, тексеріліп, салауатты тамақтануды насихаттайтын іс-шаралар өткізілуде.

Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарында қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқауларды, «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасын және дұрыс тамақтану бойынша ұсыныстарды әзірлеу үшін пайдаланылады. Жұмыстар 2024 жылдың мамыр айына дейін жалғасады.

БӘРЕКЕЛДІ!

СПОРТ АЛАҢДАРЫ АШЫЛДЫ

Медеу ауданына қарасты №19 жалпы білім беретін мектеп пен №163 мектеп-лицейінде Алматы қаласы әкімдігі мен Білім басқармасының қолдауымен спорт алаңдары ашылды. Ұзақ жылдар бойы аталмыш алаңдарға жөндеу жұмыстары жүргізілмеген еді. Сондықтан күрделі жөндеу жұмыстарынан соң екі мектептің де спорт алаңдары адам танымастай өзгеріп шыға келді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Спорт алаңдарының ашылу салтанатына ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Астана және Алматы қалалары Спорт басқармасының спорт сарапшысы Бауыржан Досқараев және ата-аналар қатысты. Сонымен, жаңадан пайдаланылуға беріліп отырған спорт алаңдарының мүмкіншіліктері өте зор. Оқушылардың өздерін дамыту үшін спорттың барлық түрлерімен айналысуларына болады. Сонымен қатар, мектепшілік спорт залы-

нан бөлек табиғат аясындағы спорт алаңына да күрделі құрылыс жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Осы орайда, спорт алаңдарына күрделі құрылыс жұмыстарын жүргізген «Проект и К» ЖШС және «Нұр-СтройСервис-НП» құрылыс компанияларының атқарған жұмыстары ерекше атап өтуге тұрарлық. Пайдалануға беріліп отырған жаңа спорт алаңдарында оқушыларға арналған арнайы жүгіру жолағы, екі футбол алаңы, волейбол, баскетбол алаңдары қамтылған. Сондай-ақ, оқушылардың дене қыздыру жаттығуларын жа-

сауына арналған жеңіл атлетикалық жаттығу құралдары да орнатылған. Мектеп оқушылары ендігі жерде мектеп қабырғасында тек білім алып қана қоймай, спорт түрлерімен де еркін айналысуға мүмкіндік тудырған қалалық әкімшілікке дән риза.

Спорт – өмір. Спорт – қозғалыс. Спортты серік еткен баланың денсаулығы мықты, санасезімі сергек болары сөзсіз. Олай болса, болашақ ұрпақтың салауатты өмір салтымен достасуына мұрындық болатын осындай игілікті іс-шаралар жалғасын таба берсін демекпіз.

ЖЫЛ ЖАҚСЫЛЫҒЫ

ӨТКЕН ЖЫЛҒА ӨКПЕ ЖОҚ

Қашаннан келер күннен мол үміт күтетін халықпыз ғой. Сондықтан жылдың жаманы жоқ. Білім саласы үшін де өткен 2023 жыл толағай табысқа толы болды.

Оқу-ағарту министрлігі білім беру саласын жақсарту мақсатында ауқымды жобаларды іске асырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын іске асыру шеңберінде білім беру сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар жоспары қабылданып, іске асырылды. Мәселен, 2023 жылдың қаңтарында педагогтардың жаалақысы тағы

25%-ға көтерілсе, былтырғы қыркүйек айынан бастап, мектепке дейінгі ұйымдардың 97 мың педагогының еңбекақысының төлемі тағы да 30%-ға өсті.

Сонымен қатар, «Педагог мәртебесі туралы» заңның 9-бабына сәйкес «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» құрметті атағына ие болғандарға бір жолғы төлеммен 1000 айлық есептік

көрсеткіш көлемінде жәрдемақы берілді. Бұл 3 миллион 450 мың теңге көлемінде. Білім беру жүйесіндегі тағы да бір тамаша жаңалық, «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» бағдарламасы іске асырыла бастады. Сонымен қатар, педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы әзірленді. Бұл да білім сапасын арттыруға қосылып отырған зор үлес. Сондай-ақ, өткен жылы 143 мың педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті.

ТІЛ – ТІРЕГІМ

АНА ТІЛІНІҢ АЯСЫ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқын ұйыстыратын тағы бір символ – Мемлекеттік тіл. Қазақ тілі мәңгілік мемлекеттік тіл тұғырында болады. Қазақ тілінің қолданыс аясын арттыра беру – мемлекеттің міндеті. Бұл жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді», – деген еді. Міне, дәл қазіргі кезде қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне меңгертуде талай жұмыстар атқарылып жатыр.

А.С.Пушкин атындағы №4 орыстілді гимназияда «Ана тілім – теңдесі жоқ байлығым» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің онкүндігі өтті. Ұлттық рухты көтеретін кеш «Жаса, жаса, қазақ тілі» әнімен ашылды. Бұл күні оқушылар қазақ тілінде Отан, тәуелсіздік тақырыбында өлеңдер мен әндер айтып, күй тартты. Сонымен қатар, «Өрлеу» БАҰО» АҚ Республикалық кәсіби даму институтымен бірлесе отырып, «Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2) пәнін оқыту арқылы дұрыс сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және жасанды интеллектті (ЖИ) сабақ барысында тиімді қолдану жолдары» тақырыбындағы қалалық тәжірибелік-семинар өткізді.

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер қатарында қашанда мемлекеттік тілді меңгерту мәселесі тұрады. Тіл –

адамзат баласының рухани күш қуаты, елдігіміздің тірегі де тілегі, сол себепті де оны қазақ халқы ғана емес, елімізде мекендейтін өзге ұлт өкілдері де құрметтеп, үйренуі тиіс. Осыған орай семинардың мақсаты: орыс тілінде білім алушылардың тақырыпқа сай сөздерді орынды қолдану, сөз мәнері мен сөйлеу этикеті формаларын таңдай білу, орфоэпиялық нормаға сай дұрыс ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту бойынша тәжірибе алмасу.

Аталмыш іс-шараға Медеу аудандық Білім бөлімінің басшы Ағайша Сапарова, ҚББЖТҒӨО әдіскері Эльмира Ақылбекова, оқу бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері Қаламқас Базарбайқызы, «Өрлеу» БА ҰО» АҚФ РКДИ аға оқытушылары, тренерлер – Айжан Есентаева, Салтанат Жақсылыққызы қатысты.



Семинар барысында гимназия директоры Сабила Енсепаева барша қауымға қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың маңызы мен өзектілігі туралы айтып өтті. Нақты тәжірибелік кезеңде Айнуір Абдрахманова «Наурыз – ұлттық мейрам», Алтын Асыллова «Заманауи киім үлгісі», Жұлдыз Қош-

қарбаева «Ұлттық кітапхана», Марина Тілекқызы «Көктөбеге шығамыз» тақырыбында ашық сабақтар өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті. Ұстаздар сабақ барысында әртүрлі әдістер қолдана отырып, оқушылардың ауызша сөйлеу дағдысына баса назар аударды. Сабақ барысында оқушы-

лардың қазақша еркін сөйлеуін жетілдіру мақсатында жасанды интеллектке де (ЖИ) ұтымды қолдана білді. Оқушылар сабаққа өте белсенді, бар ынтасымен қатысты. Мұғалім мен оқушы арасында кері байланыс тиімді жүргізілді. Балалар сабақта білімін жоғары деңгейде көрсете білді. Сабақ соңында ұстаздар пікірлерімен бөлісіп, қажетті әдіс-тәсілдерді өз қоржынына салды. Жас мұғалімдер қауымдастығы келген қонақтарға «EDCrunch» Алматы мектебі жобасы бойынша «Тілдерді меңгеруде жасанды интеллект (ЖИ) қолдану жолдары» атты панорамалық сабақ жүргізіп, жасанды интеллект туралы ақпараттармен бөлісті.

Мемлекеттік тілді өзге ұлт мектептеріндегі оқушыларға үйрету – аса күрделі ізденісті қажет ететін жұмыс. Сондықтан жас мамандарға тәжірибе алмасу мақсатында өткізілген осындай семинарлар әлі де өз жалғасын таба бермек.

Айнуір АБДРАХМАНОВА,
Жұлдыз ҚОШҚАРБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің мұғалімдері.



МАРАПАТ



«ҮЗДІК ПРОВИЗОР» атағы алматылық маманға бұйырды

Замзагүл Чожикова медицина қызметкерлерінің арасында өткен республикалық байқаудың қорытындысы бойынша «Үздік провизор» атағын алып, «Altyn Shipager» ұлттық медициналық сыйлығының иегері атанды. Бұл туралы Денсаулық министрлігінің баспасөз қызметі сүйіншіледі.

Марапат иесі Әуезов ауданында орналасқан, Гүлшахира Ажымұқанқызының жетекшілігіндегі №6 қалалық емхананың жоғары санатты провизоры болып жұмыс істейді.

1990 жылы Алматы медицина институтының Фармацевтика факультетін бітіріп, еңбек жолын Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауылында бастапты.

Замзагүл Биахметқызы көп жылдар бойы өз пациенттерін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етумен айналысады, оның қызметіне дәрілік препараттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау, дәріхана пункттерінің жұмысын ұйымдастыру кіреді.

«Мен өз кәсібімді мақтан тұтамын. Фармакология саласындағы 33 жылдың ішінде бірнеше рет түрлі марапаттарға ие болдым. Үлкен жұмыс өтіліне қарамастан, өз мамандығымды жетілдіру бойынша курстардан өтуді жалғастырып келемін. Әйткені, қазіргі заманғы медицинада білім қорын үнемі толықтырып отыру қажет», – деп есептейді еліміздің үздік провизоры.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Алматы қалалық №36 қалалық емхананың дәрігері Айдана Байсейітова дұрыс тамақтанудың маңыздылығы жайын қозғады.



Ол ең алдымен дұрыс тамақтану қағидаларына ерекше мән беру керек екенін атап өтті. Яғни тәтті әрі майлы тағамдарды тұтынуды шектеген дұрыс, жеңіл сіңетін ақуыз өніміне (құс еті, майдың төмен пайызы бар сүт өнімі) басымдық берген абзал деп отыр.

Айдана Байсейітова сондай-ақ балық, ет тағамдарын көкөніспен, салатты өсімдік майы немесе лимон шырыны қосылған дәмдеуіштермен араластыруды ұсынды.

АС БОЛСЫН!

Қалай дұрыс тамақтану керек?



«Күрделі көмірсу, май мен ақуызды араластырмауға тырысыңыз. Мысалы, етті шөп және көкөніспен жеген дұрыс, ал картопты кейінге қалдырған жөн. Түрлі торт, кекс және пирожныйды мәзірге қоспаңыз. Себебі, олардың құрамында қант пен май көп. Оларда жоғары калория болады. Оған қарағанда бисквит пен қатпарлы өнімдердің зияны аз әрі мерекелік дастарханға

көбірек үйлеседі», – дейді дәрігер.

Маман әсіресе, асқазан-ішек жолдарының созылмалы ауруы бар адамдарға денсаулығына ерекше мән бергені жөн екенін баса айтты. Холестеринге бай тағамды тұтыну өт қабының дұрыс жұмыс істемеуіне әкеледі. Тамақты қорытуға қажетті өт тұрып қалған жағдайда, өт қабының түбіне кристалдар жиналып, тастар пайда болады.

«Сүйікті мәзіріңізде зиянды ингредиенттер болса, оларды пайдалы тағамға ауыстырған дұрыс. Мәселен, сары майды зәйтүн майына, қантты балға немесе табиғи тәтті дәмдеуішпен алмастырыңыз. Бұл қажетсіз калорияны азайтуға және тамақтың тағамдық құндылығын арттыруға көмектеседі. Сондай-ақ, тағамның дайындалуына назар аударыңыз. Дұрыс пісіру әдісін таңдасаңыз, мерекелік тағам денсаулық үшін пайдалы да болады. Қуыруға қарағанда, бұға бұқтыруға, қайнатуға басымдық беріңіз. Осылайша сіз май мен калорияны көп қоспай-ақ көп қоректік затты сақтай аласыз», – дейді Айдана Байсейітова.

Сөз соңында ол көп қимылдап, үнемі су ішіп жүру керектігін айтты. Себебі, су денеңізді ылғалдандыруға және оны жақсы күйде ұстауға, ал дене белсенділігі зағтардың алмасуын арттыруға және қосымша калориядан арылтуға көмектеседі.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

Шприц

Медицина мамандарын дәл осы «қарусыз» елестету мүмкін емес. Дәрі егетін ине 1853 жылы пайда болған екен.

Қызығы сол, оны бір-бірін танымайтын екі дәрігер, яғни шотландиялық Александр Вуд пен француз ғалымы Шарль Габриель Праваз бір уақытта ойлап тапқан деседі. Медици-

налық инеге шприц деген атауды берген немістер екен. Мағынасы «бұрқу, шашу» дегенді білдіреді.

Ал мөлдір шыныдан жасалған бірреттік шприцтерді Артур Смит деген ойлап тауып, бұл өнертабысын 1950 жылы АҚШ-та патенттеп алған. Бүгінгі жиі қолданылып жүрген пластикалық бірреттік шприцті 1956 жылы жаңазеландиялық фармацевт Колин Мурдок ойлап тауыпты.

Тақырыпқа орай айта кетсек, біздің елімізде де, оның ішінде Жамбыл облысында бірреттік үш компонентті шприцтер шығарыла бастады. Зауыттың жобалық қуаты жылына – 214 млн шприц.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

ГЕМОДИАЛИЗ БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматылық дәрігерлер бүйрек алмастыру терапиясын жүргізуде заманауи технологияларды табысты қолданып жүр

Алматыдағы №7 қалалық клиникалық аурухананың дәрігерлері бүйрек алмастыру терапиясын жүргізуде заманауи технологияларды табысты қолданып жүр. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі Qazaqpress-ке сілтеме жасап хабарлады. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде созылмалы бүйрек жетіспеушілігінің терминалдық сатысындағы миллиондаған пациент бағдарламалық гемодиализ арқылы толықтырушы терапия алады.

«Бағдарламалық гемодиализ рәсімі біздің гемодиализ орталығында тәжірибелі дәрігерлер мен мейірбикелердің бақылауымен жүргізіледі. Белгіленген диагноз – созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің терминалдық сатысы бағдарламалық гемодиализ жүргізу үшін көрсеткіш болып табылады. Бұл ретте біз жұмыс істеп тұрған тұрақты диализ қолжетімділігінің болуын қамтамасыз етеміз: күретамир-көктамырлық жыланкөз (АВФ), тамыр протезі, перманенттік катетер. Күретамир-көктамырлық жыланкөз гемодиализ жасау үшін ең оңтайлы тамыр жолы ретінде анықталды.

№7 қалалық клиникалық ауруханаға жатқызылған барлық науқасқа (бастапқы және қайталама) Медициналық көмек көрсетудің мемлекеттік қорының шеңберінде күретамир-көктамырлық жыланкөзді қалыптастыру операциялары (тегін) жүргізіледі. Науқастың ерекшеліктеріне байланысты күретамир-көктамырлық жыланкөзді қалыптастыру мүмкін болмаған жағдайларда пациенттерге тұрақты катетерді орнату ұсынылады», – дейді №7 қалалық клиника-



калық ауруханасы гемодиализ бөлімшесінің меңгерушісі Бекболат Мұсабаев.

Дәрігердің айтуынша, уақыт өте келе созылмалы гемодиализдегі пациенттердегі күретамир-көктамырлық жыланкөздерде қанның ұйысуы, тамырлардың тарылуы, күретамир-көктамырлық жыланкөздің респираторлық асқынуларға байланысты тамырларға қолжетімділік функциясын жоғалтады. Күретамир-көктамырлық жыланкөзді пайдалану ұзақтығы бірқатар факторлармен айқындалады, олардың ішінде созылмалы гемодиализдегі науқастардағы сипатты асқынулар. Осындай факторлардың бірі күретамир-көктамырлық жыланкөз қан тамырларының торабының (анастомоз) бітелуі, орталық тамырлардың тарылуы болып табылады. Бұл созылмалы гемодиализдегі науқастарға тән асқыну.

Осы айтарлықтай кең таралған асқыну-дың дамуы күретамир-көктамырлық жыланкөзді жоғалту қаупін айтарлықтай арттырады.

Сондай-ақ, №7 қалалық ауруханада тамырлардың тарылуы тамырларға тұрақты қол жеткізудің асқынуы бар науқастар баллонды ангиопластикадан өтеді. Бұл баллонды катетердің көмегімен зардап шеккен аймақтағы тамырдың кеңеюі. Бұл орталықтың өткізгіштігін қалпына келтіру үшін тиімді, аз инвазивті, жоғары технологиялық тәсілдерінің бірі болып табылады. Ол күретамир-көктамырлық жыланкөздің жоғалу қаупін болдырмауға немесе қарама-қарсы жағында жаңа тұрақты тамырлық жолдың пайда болу уақытын ұлғайтуға мүмкіндік береді, осылайша гемодиализ бағдарламасын қабылдайтын пациенттің өмірін ұзартады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бекболат МҰСАБАЕВ, №7 қалалық клиникалық ауруханасы гемодиализ бөлімшесінің меңгерушісі:

НӘТИЖЕ ЖОҒАРЫ

Техникалық жетістіктің жоғары көрсеткіштерін ескере отырып, баллон ангиопластикасы осы патологияны емдеуде алтын стандарт болып саналады. Ол тамырдың кішкене пункциясы арқылы жергілікті анестезиямен орындалады және оңалтуды қажет етпейді.

Біздегі баллондық ангиопластика 2019 жылдан бастап өте жақсы нәтижелер беріп келеді. Айта кету керек, біздің клиника алғашқылардың бірі болып пациенттерді емдеудің инновациялық технологиялар мен заманауи әдістерін қолданып келеді. Мысал ретінде 64-тегі пациенттің жағдайын айта кетейін. Науқас анамнезі гипертониялық нефропатия нәтижесінде созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің терминалды сатысы диагнозымен 2013 жылдан бастап бағдарламалық гемодиализ аппаратында. Сол жақ білектің күретамир-көктамырлық жыланкөздің дисфункциясы. Жыланкөздегі қан ағымы баяу.

Қорытынды: сол қолдың жыланкөзінің тарылуы. Біздің интервенциялық хирургтері күретамир-көктамырлық жыланкөзге баллон ангиопластикасын сәтті өткізді. Операциядан кейін қан ағыны оң динамика көрсетті. Баллондық ангиопластика басқа да ықтимал асқынулардың алдын алуға, жыланкөздің «өмірін» және пациенттің жасын ұзартуға мүмкіндік берді. Аурухана мамандарының кезекті командалық жұмысы – тағы бір адамның құтқарылған өмірі!

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҒЫ

«ҰЛТТЫҚ
ҚОР –
БАЛАЛАРҒА»жобасының жұмыс істеу
тетігі қандай?

Мемлекет басшысының «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы аясында оны орындау тетігі әзірленіп, қажетті заңнамалық түзетулер қабылданды. Жоба 2024 жылғы 1 қаңтардан іске қосылды. Енді Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ы 18 жасқа дейінгі барлық балаға үлестіріледі.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мамандардың айтуынша, бұл қаражатқа салық салынбайды. Есепшоттағы ақша доллармен жинақталады. Ал төленетін кезде сол күнгі курспен теңгеге аударылады. Бұл ақшаны мерзімінен бұрын алуға тыйым салынады.

Ұлттық қордан түсетін бұл қаражат БЖЗҚ-дағы жеке шоттарға есептелетін болады, олар «жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан алынған мәліметтер негізінде әрбір бала үшін автоматты түрде ашылатын болады. Яғни ата-аналарға осы кезеңде банкке немесе БЖЗҚ-ға арнайы жүгінуіңіз қажетті жоқ. Баланың «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының қатысушысы болып табылатындығы туралы ақпаратты олар порталдағы eGov.kz-те жеке кабинетінен ала алады. Одан бөлек, тұрақты есептер зейнетақы қорының enpf.kz ресми сайтында орналастырылатын болады.

Аталған қаражат 18 жасқа толғанға дейін балалардың нысаналы жинақтау шоттарында жинақталатын болады. 18 жасқа толғаннан кейін қаражат 10 жыл шотта сақталады. Егер 28 жасқа толғанға дейін жинақталған қаражат пайдаланылмаса, олар алушының зейнетақы шотына ауысады.

«Отбасы банкі» – осы маңызды әлеуметтік жобаның уәкілетті операторларының бірі. Оның enpf-otbasy.kz платформасының көмегімен 2024 жылдың басынан бастап 18 жасқа толған азаматтар алынған қаражатты пайдалана алады. Бағдарламаға қатысушылар онлайн-режимде өз жинақтарын келесі мақсаттарға бағыттай алады:

- өз қаражатыңызды пайдалану мүмкіндігімен тұрғын үй сатып алу;
- ипотекалық несиені мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу;
- ипотекалық несие алу үшін, оның ішінде жөндеу жұмыстарын жүргізумен бірге бастапқы жарна төлеу;
- «Отбасы банкіндегі» депозитті толтыру;
- МББЖЖ бағдарламасы (мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі) шеңберінде депозитті толықтыру;
- Қазақстанда білім алу үшін ақы төлеу;
- шетелде білім алу үшін ақы төлеу;
- білім алуға берілген несиені төлеу.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Данагүл ТҮСПОВА,
«Отбасы банк» АҚ-ның Алматы филиалының директоры:

Егер 18 жасқа дейінгі бала елден кетіп, азаматтығын өзгертсе, онда ол төлемдерді талап ету құқығынан айырылады. Егер 18 жасқа дейінгі бала елден кетсе, бірақ азаматтығын өзгертпесе, төлемдерді талап ету құқығы сақталады.

Азаматтық заңнамаға сәйкес іс жүзінде жинақталған қаражатты мұрагерлік бойынша беру мүмкіндігі көзделді. Бала әрекетке қабілетсіз болған жағдайда ақшаны басқару ата-анасына немесе қамқоршыларына өтеді. Осылайша кәмелетке толғаннан кейін балалар жинақталған соманы екі мақсатқа пайдалана алады: тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім беру ақысын төлеу. Жобаға сәйкес, тұрғын үйді тек Қазақстан аумағында ғана сатып алуға болады, ал оқу ақысын Қазақстанда да, шетелдік оқу орнында да төлеуге болады. БЖЗҚ-дағы шоттан жинақталған соманы уәкілетті оператор арқылы таңдалған мақсатқа сай аударуға болады.

САРАПТАМА

Бүгінде әлемде ғылымның дамуы мемлекеттің негізгі қозғаушы күшіне айналып отырғанын ескерсек, отандық ғылымның дамуында мемлекеттік қолдаудың орны ерекше. Осы орайда Білім және ғылым министрлігінің Оқу-ағарту министрлігі және Ғылым және Жоғары білім министрлігі етіп қайта құрылымдау туралы Жарлық шыққалы бері, отандық ғылымның дамуы құрылымдық өзгерістер арқылы жүйеленіп келе жатқанын айтқан жөн.



БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

мемлекеттің экономикалық тұғыры

Қазақстан – Азиядағы
білім конгломераты

Қазір білім мен ғылым саласы сарқылмайтын басты ресурс көзінен бөлек, мемлекеттің экономикалық тұғырына айналып отыр.

Әлемнің көшбасшы елдері, жоғары сапалы, ғылыми зерттеу ордалары арқылы әлемнің әрбір аймақтарынан мыңдаған азаматтарды еліне тартуда. Мұны білім берудің туристік әлеуеті деп атаймыз. Қазіргі таңда, АҚШ, Англия, Аустралия елдері шетелдік талапкерлерге сапалы білім ұсыну бойынша көшбасшы елдер тізімінде, жыл сайын ел қазынасына 51 млрд доллар (АҚШ), 5,3 млрд еуро (Англия) 3,1 млрд еуро (Аустралия) алып келуде. Білім мен ғылым саласындағы бәсеке өте жоғары деңгейде жүрде.

Қазақстанның геосаяси тұрғыда батыс пен шығысты жалғар көпір ретінде орналасуы, алыс-жақын аймақтардан сапалы білім іздеген талапкер үшін халықаралық стандартқа сай білім алуға тиімді мекен болып отыр. Бұл тұрғыда елімізде соңғы отыз жылда дайындалған шетелдің үздік жоғары оқу орындарында білім алып келген толқын мен қалыптасқан ғылыми-зерттеу инфрақұрылымымыз толық әлеуетке не екендігін көрсетеді. Сол себептен де, соңғы жылдары ғылым мен жоғары білімнің дамуына мемлекет тарапынан ерекше қолдау көрсетіліп, ауқымды жұмыстар жасалуда. Елімізде бүгінде шетелдік белді жоғары оқу орындары өз филиалдарын ашуда. Аталмыш филиалдар елімізге білім іздеп келетін шетелдік студенттердің санын арттырып қоймай, ел азаматтарының сапалы білім іздеп шетел асуының алдын алып, халықаралық бәсекеге қабілетті отандық кадрлардың қалыптасуын қамтамасыз ететін болады. Мәселен, бүгінде Ғылым және жоғары білім министрлігінің мәліметінше, Қазақстанда жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының келесідей филиалдары ашылды:

- Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында Хериот-Уотт университетінің (Шотландия) филиалы құрылды;
- Шәкәрім университетінің базасында Быдгощ қаласындағы Экономика университетінің (Польша) филиалы ашылды;
- І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Марке политехникалық университеті (Италия) арасында филиал құру туралы келісімге қол қойылды;
- Yessenov University базасында Қазақ-неміс тұрақты инженерия институты (неміс ЖОО консорциумы) құрылды;
- Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті базасында Гонконг қаласындағы университеттің филиалы ашылды;
- Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Тяньцзинь кәсіби университеті (ҚХР) базасында Лу Бань шеберханасы ашылды;
- Ә.-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Солтүстік-Батыс политехникалық университетінің (ҚХР) филиалын ашу туралы келісімге қол қойылды.

Аталмыш шетелдік жоғары оқу орындарының ашылуы, отандық ғылыми зерттеу орталықтары арасында ашық бәсеке, жоғары сапаның қалыптасуына тікелей ықпал етпек.

Ғалымдар мен зерттеушілердің
әлеуметтік беделін көтеру маңызды


Қазақстанда білім мен ғылым саласын мемлекет тарапынан қолдау өсіп келеді дедік. Мысалы, цифрларға жүгінсек, 2023–2025 жылдарға арналған ғылымның жалпы бюджеті 3,3 есе өсіп, 643 млрд теңгені құрады. Ғылыми қызметкерлердің жалақысы, екі есе өсіп, орта есеппен 252 мың теңгеге жетті. Алайда, ғылым мен қолданбалы зерттеулердің жүйелі түрде дамуы тек қана қажетті қаражатты бөлумен шешілмейтіні ақиқат. Ғылыми қызметкерлердің жеткен жетістіктері қоғам тарапынан бағаланып, арнайы сыйлықтар тағайындау қоғамда ғалымдар мен зерттеушілердің әлеуметтік беделін көтеретін болады. Қазіргі таңда, елімізде үздік ғылыми зерттеу жұмыстарын кеңінен қолдау, ғалымдарға жағдай жасау мақсатында бірнеше арнаулы сыйлықтар бекітілген:

- жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Қ.И.Сәтбаев атындағы сыйлық;
- гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық;
- аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін А.И.Барбаев атындағы сыйлық;
- педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін Ы.Алтынсарин атындағы бір сыйлық;
- түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы сыйлық;
- жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған Д.А.Қонаев атындағы сыйлық;
- гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін жас ғалымдарға арналған М.О.Әуезов атындағы сыйлық.

Бұл тұрғыда, 25 желтоқсанда, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі 2023 жылғы жыл сайынғы мемлекеттік ғылыми стипендиялар конкурсының нәтижелері жарияланды. Биылғы, мемлекеттік ғылыми стипендияны еліміз бойынша 75 ғалым иеленді.

Мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлерін анықтауда басымдық жас ғалымдарға берілгендігі айқын. Себебі, 75 ғалымның 50-і жас ғалым категориясы бойынша иегер атанған. Сонымен қатар, мемлекет тарапынан ғылымға жастарды көптеп тарту үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі, «Отбасы банкімен» бірлесіп, жас ғылыми қызметкерлерді баспанамен қамтамасыз ету бойынша арнайы бағдарлама қабылданғандығын жеткізді. Бағдарлама талаптары мен ережелер министрлік мәліметінше, 2024 жыл толық жарияланады.

Өңірлер бойынша студенттер саны



(Дереккөз: Ұлттық статистика бюросы).

Шешімін таппаған
мәселелер баршылық

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, бүгінде елімізде студенттердің жалпы саны 592,7 мың адамды құрайды. Сәйкесінше, жоғары оқу орындарының басым бөлігі Алматы, Астана қалаларында орналасқандықтан, жыл сайын қыркүйек айында студенттердің жатақхана мәселесі көтеріледі.

Биылдың өзінде қабылданған студенттер саны 171,7 мың адамды құрады. Еліміздегі демографиялық өсімді ескерсек, алдағы он жылдықта орта мектеп бітірген түлектер саны тек артпак. Жоғары оқу орындар студенттердің 30%-ын ғана жатақханамен қамтамасыз етуге әлеуетті. Бұл өзекті мәселені шешу мақсатында қосымша үшінші тараппен серіктестік форматында баламалы жолдар іздестірілуде. Десек те, елімізде алдағы бесжылдықта студенттерді сапалы біліммен ғана емес, қауіпсіз жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі өзектілігін жоғалтпайды.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.



«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ»

ТӘУЛІК БОЙЫ ЖӘНЕ ҮЗІЛІССІЗ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ПОСТОМАТТАР АЛТЫН УАҚЫТЫҢЫЗДЫ ҮНЕМДЕЙДІ

Алматының Халыққа қызмет көрсету орталықтары былтыр 2,8 миллионнан астам қызмет көрсетті. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкіметтің» Алматы қаласы бойынша филиалының өкілдері Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтты.

**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалының құрамында халыққа қызмет көрсету бойынша 13 бөлім жұмыс істейді. Оның 4-еуі – мамандандырылған ХҚО бөлімдері, 1-еуі – көпші-қон бөлімі, ал 8-і – аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Алматы қаласы бойынша филиалы 2023 жылдың 12 айында 2 861 085 мемлекеттік қызмет көрсетті. Оның ішінде Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету жөніндегі бөлім арқылы 1 280 252 мемлекеттік қызмет түрі және мемлекеттік қызмет көрсету ХҚО-лар арқылы өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында 1 580 833 мемлекеттік қызмет, электрондық үкімет порталы арқылы – 31 075 қызмет алған», – деді «Азаматтарға арналған үкімет» МК КАҚ Алматы қаласы бойынша филиалының сапаны бақылау басқармасының басшысы Мәдина Аманова.

Сонымен қатар, спикер ең танымал қызметтерді атап өтті, олар: электрондық-цифрлық қолтаңба алу; көлік құралын тіркеу; жүргізуші куәлігін алу; әлеуметтік сектор қызметтері; жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру және

тіркеу; ҚР азаматтарына паспорттар мен жеке куәліктер дайындау және беру.

«Өткен жылы 996 802 көлік тіркелген. 427 303 шетелдік паспорттар мен жеке куәліктер дайындалып берілді, бұл ретте өткен жылы 5300-ге жуық адам Медеу ХҚО-да белгіленген құжаттау терминалдары арқылы өтінім берді. Биыл Әуезов аудандық ХҚО-да құжаттандыру терминалдарын орнату жоспарлануда. 418 782 электрондық-цифрлық қолтаңба берілді. 265 326 жүргізуші куәлігі берілді», – деді М.Аманова.

Сонымен қатар, филиал жер кадастры, жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, жылжымайтын мүлікті және заңды тұлғаларды тіркеу желісі бойынша 442 078 мемлекеттік қызмет көрсетті. Әлеуметтік блок желісі бойынша былтыр 313 211 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Ал АХАТ желісі бойынша 50 383 мемлекеттік қызмет көрсетілген.

Қаңтардан бастап АЕК мөлшері өзгерді. Қазір ол 3450 теңгенің орнына 3692 теңгені құрайды. Осыған байланысты әлеуметтік төлемдер мен айыппұлдардың мөлшері ұлғайды. Осы жылға арналған төлемдер туралы брифингте филиалдың электрондық іс макеттерін бақылау және заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқармасының басшысы Нәйла Мұхаметқалиева тарқатты.

Оның айтуынша, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда

ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгені құрап отыр. Сонымен бірге, ол биыл өзгертілген көрсеткіштер бойынша жаңа мәліметтер келтірді: айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3692 теңге мөлшерінде; ең төменгі зейнетақы – 57 853 теңге; күнкөріс деңгейі (ЖМ) – 43 407 теңге; базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 28 215 теңге.

Мүгедектігі бар азаматтар үшін де төленетін жәрдемақы мөлшері өсті. Мүгедектіктің I тобы үшін – 95486 теңгеге дейін, II топ үшін – 76 397 теңге, III топ үшін – 52 089 теңге. Мүгедектігі бар 7 жасқа дейінгі балаларға төленетін төлем мөлшері 69 886 теңгені құрайды. 7 жастан 18 жасқа дейінгі, бала кезінен I топтағы мүгедектігі бар балалар үшін – 95 496 теңге, II топтағы мүгедектік – 79 435 теңге, III топта – 69 886 теңге.

Спикердің сөзіне жүгінсек, мемлекеттік қызметтерді алу қолайлы және қолжетімді болу үшін филиал желісін кеңейту мақсатында

біршама жұмыс атқарылған. Мәселен, Алматы қаласының 8 автосалонында көлікті тіркеуге құжаттарды қабылдау ұйымдастырылды. «BI Group» ЖШС-де шарттарды тіркеу бойынша ақылы қызметтер көрсету үшін 1 жұмыс орны жабдықталды. Дайын құжаттарды беру бойынша Алатау, Әуезов және Медеу аудандық фронт-офистерінде постоматтар орнатылып, олар 24/7 режимінде тәулік бойы жұмыс істеді. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында Солтүстік айналымдағы «Ақбұлақ» базарында балалар туралы мәліметтердің бар-жоғын тексеру үшін «электрондық үкімет» веб-порталының «балалар туралы мәліметтер» бөлімінде 1 жұмыс орны ұйымдастырылды, деректер болмаған жағдайда, электрондық үкіметтің сол порталында АХАЖ РП деректерін өзектендіру қызметін алуға болады. Жаңартылған ХҚО-тар саны да көбеюде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Абдурасул КУЛДАШОВ, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Алматы қаласы филиалының директоры:

ТӨЛҚҰЖАТ ПЕН ЖЕКЕ КУӘЛІК АЛУШЫЛАР КӨП

Өткен жылы 2,6 миллионнан астам қазақстандық Азаматтарға арналған үкіметтен төлқұжат пен жеке куәлік алды. Ал 2022 жылы 2,3 миллион азаматқа жеке басын куәландыратын құжат берілген болатын. Оның ішінде өткен жылы алматылықтар 400 мыңнан астам паспорт пен жеке куәлік алды. Медеу аудандық ХҚО-да орнатылған құжаттама терминалдары арқылы 5,5 мыңға жуық адам өтініш берген. Терминалдар уақытты үнемдейді және бірнеше минут ішінде өтінім беруге мүмкіндік береді. Осы жылы Әуезов аудандық ХҚО-да да құжаттандыру бойынша терминалдар орнату жоспарлануда. Тақырыпқа орай 2024 жылға белгіленген мемлекеттік баж алымы туралы да айта кетейін: ҚР азаматының 36 парақты төлқұжаты үшін – 8 АЕК, 48 парақты төлқұжат үшін – 12 АЕК, 24 парақты төлқұжат үшін (16 жасқа дейінгі балаларға) – 4 АЕК. Жеке куәлік үшін төлем 0,2 АЕК-ті құрайды. Айта кетейік, өткен жылы төлқұжаттар мен жеке куәліктерді беру сұраныстағы мемлекеттік қызметтер қатарында болды.

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ



ҚАЗАҚСТАН БІРІНШІЛІГІ

Алматы үстел теннисінен Қазақстан чемпионаты басталды. Ішкі біріншілікте үздіктер анықталып, әлем чемпионатына жолдама беріледі.

Бүгін Алматының «ADD» үстел теннисі орталығында Қазақстан чемпионатының ашылуы өтті. Жарыс 9–15 қаңтар аралығында өтеді. Жеке-командалық жарыстарда Астана, Алматы, Шымкент, Қазақстан облыстарының командалары ойнайды.

Айта кеткен жөн, ішкі біріншілік нәтижелері бойынша еліміздің ұлттық құрамасы құрылады. Ұлттық құрамаға кірген спортшылар Оңтүстік Кореяның Пусан қаласында 16–25 ақпан аралығында өтетін әлем чемпионатында өнер көрсетеді.

Досбол АТАЖАН.

ОҚЫРМАН ОЙ АЙТАДЫ

«NOMAD» деген не сөз?

Құрметті редакция!

Мен сіздердің газеттеріңізді үзбей оқып келе жатқан байырғы оқырмандарыңыздың бірімін. Мені көптен бері бір ой мазалап, ақыры сәті түсіп отыр. Менің айтпағым, соңғы кездері «Номад» деген сөз сәнге айналып, жиі қолданылып жүр. Бұл мені алаңдата бастады. Қазір тіліміз онсыз да шұбарланып барады. Біздің шұрайлы, құнарлы тіліміз бар емес пе? Неге сол шұрайлы тіліміз тұрғанда сырттан келген түсініксіз сөздерді тықпалай береміз?

Меніңше, біздің сөздік қорымыз тап осы сөзге қарап қалған жоқ. Өлде оны алмастыратын бір сөз табылмай қалды ма екен?.. Теледидардан да, газеттен де осы сөздің жиі қолданылуы ана тілімізге кері әсерін тигізбесе, тілдік қорымызды толтырмасы анық. Кезінде менің студенттік жылдарым осы қалада өтті. Өрине, ол кездегі уақыт басқаша болды. Ана тілімізде өзара сөйлесе қалсақ, өзге ұлт өкілдері «сендер біз туралы айтып, сөз қылып жатсындар» деп жала жабатын. Өз тілімізде сөйлесек соны шуға ұласып, ақыры басымызды алып қашатынбыз. Қазір ол кез келмекке кетті. Бізге ешкім тоқтау жасап жатқан жоқ. Сонда біз неге жалтақтаймыз?

Күлімхан ЖЕКСЕНБАЕВА,
зейнеткер.
Алматы қаласының тұрғыны.

Алматы қаласының МАЭС-ның 29 желтоқсан, 2023 ж. нұсқасымен БСН 110340002138 «MULTITRANS LOGISTICS LTD» (МУЛЬТИТРАНС ЛОГИСТИКС ЛТД) ЖШС ұйымына оңалту рәсімін қолдану туралы өндіріс қозғалды.

Барлық мәселелер бойынша Жусупбекова Б.Б. судьясына +7 775 661 13 10 тел. бойынша хабарласыңыз.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 747 617 17 37 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Ak-Sham» ЖШС.
almatyqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 421

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty akshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty akshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев 2023 жылдың желтоқсан айында «Орталық коммуникациялар қызметінің» алаңында Алматыда атқарылған жұмыстар туралы баяндаған болатын. Брифинг барысында шаһар басшысынан әуежайға LRT желісін жүргізу жоспары бар-жоқтығы сұралды. Ерболат Асқарбекұлы алдағы жылдары әлемдік тәжірибе бойынша әуежай мен қаланы байланыстыратын жүрдек пойыздардың болатынын хабарлады.



Әуежайдағы LRT: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ

Досбол
АТАЖАН

– Әуежайға LRT желісін жүргізіміз келеді, турасын айтайын. Біз «Шығыс қақпасы» деп атайтын Құлжа тасжолы мен Рысқұлов даңғылының қиылысынан әуежайға дейін LRT желісін жеткізу жоспарда бар. Түрік инвесторлары жақында маған әуежайдың даму жоспарын таныстырды, біз олармен бірге кейбір өзгерістер енгіздік. Бұл жоспар орындалғанша қала мен әуежай арасында №92 маршрутта автобустар жүріп тұрады, – деп атап өтті қала басшысы.

Қаланың Бас жоспарында бекітілген бұл

жоспар ойдағыдай орындалса, қаладағы кептеліс азайып, Алматының туристік әлеуеті артатыны сөзсіз. Осы орайда, жолаушы үшін мегаполиске апаратын басты қоғамдық көлікке айналған әуежайдағы жүрдек пойыздардың әлемдік тәжірибесіне көз жүгіртіп өтейік.

ДУБАЙ. Талай таңғажайып құрылыстарымен танымал Біріккен Араб Әмірліктерінің басты туристік қаласына барған адамдарды әуежайдан жылдам жүрдек пойыздар қарсы алады. Жылына 60 миллион адам қабылдап, 260 бағытта ұшақ ұшатын әлемдегі ең үлкен әуежайлардың бірі 1959 жылы салынған. Ал LRT желісі 2009 жылы ірі жөндеу жұмыстары аяқталған кезде

қолданысқа берілді. Айта кеткен жөн, Дубайдағы жүрдек пойыздар желісі тек қала мен әуежай арасын емес, әуежай ішіндегі ғимараттарды байланыстырады. Өйткені, әуежай ішіндегі бір терминалдан екіншісіне жаяу бару жол алыстығынан қиындық тудырады. LRT-ға билет құны 2 АҚШ долларын немесе 7.5 дирхамды құрайды.

ЧИКАГО. Америка Құрама Штаттарының ең ірі шаһарларының бірі – Чикаго қаласында екі әуежай бар: бірі – «Мидуэй», ал екіншісі – «О’Хара» атындағы халықаралық әуежай. Олардың екеуіне де жылына миллиондаған жолаушы келіп кететініне қарамастан, «О’Хара» қаланың негізгі әуе тұрағы саналады. Және де бұл әуежайда

арқылы әлемдегі ең ескі жүрдек пойыздардың жолы өтеді. Әуежай 1942-1943 жылдары Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде салынған. 1949 жылы Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері лейтенант-командир Эдвард Генри О’Хараның аты берілді.

Ал 1984 жылдың 2 қыркүйегінде Чикаго метрополитенінің көк сызығына байланысқан «O’hare» станциясы әуежай ішінде ашылды. Осы жылдан бастап әуежай мен қаланың тарихи орталығы арасында жүрдек пойыздар бүгінге дейін жүріп келеді. Тәулік бойы жұмыс істейтін метроға билет құны – 2.25 АҚШ доллары.

МӘСКЕУ. Әуежай мен қаланы байланыстыратын ең жаңа жүрдек пойыздардың жолы Мәскеу қаласында ашылды. Ресей астанасындағы «Внуково» әуежайының құрылысы 1939–1941 жылдары өтіп, 1941 жылдың 2 шілдесінде қолданысқа берілген. Ал араға бір ғасырдай уақыт салып, бұл әуежайда метро станциясы ашылды. 2023 жылдың 6 қыркүйек күні «Аэропорт Внуково» аталған метро станциясы қала мен әуежай арасын бір метрополитен жүйесіне біріктірді. Жолаушылар әуежай терминалына метродан жерасты жаяу жүргіншілер өткелі арқылы кіре алады.

Бұл бекет Мәскеу метросының сегізінші сызығы – Солнцевской сызығына (30 км) байланысқан. Қала әкімшілігінің хабарлауынша, енді қаланың іскерлік орталығынан әуежайға 40 минутта жүрдек пойыздармен жетуге болады. Метроға билет құны – 0,88 доллар немесе 81 рубль.

СТАМБУЛ. Жылына 70 миллион адамға қызмет көрсетуге қауқары бар халықаралық Стамбул әуежайында да қалаға тікелей жеткізетін метрополитен желісі бар. Әуежай 2018 жылдың 29 қазан күні ашылды. Әуе кемелерінің бұл бекетінен 350 бағытта ұшуға болады. Ал әуежай ішіндегі метро станциясы 2023 жылдың 22 қаңтарында қолданысқа берілді. Стамбул қаласының басшылығы жаңадан ашылған қала мен әуежай арасындағы жүрдек пойыздардың жолын Еуропадағы «ең жылдам метро желісі» деп атап отыр. Себебі, пойыздардың жылдамдығы 90–120 км/сағ жылдамдыққа жете алады.

Жалпы мегаполис ішіндегі Қызылхана метро бекетінен халықаралық әуежайға дейін 24 минутта жетуге болады. Жаңа станцияның арқасында Стамбул метрополитенінің М11 сызығы күніне 800 мың жолаушыны тасымалдайды деп жоспарланған.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

АЯЛДАМАДА

Танертең. Аялдама. Жаныман өткен бойжеткен әрірек барып тұрды. «Басы қалай тоңбайды?» дедім іштей.

Әй, жастар-ай! Бірақ өзіне, жастыққа жарасып тұр, таң атпай мына суықта жалаңбас, шашы күртесінен асып төгіліп тұрғаны.

Кірпік жапсырып алыпты. Жанары көрінбейді. Әдемілік деген көзде ғой негізі. Жерде қар, бұл кірпік бұл мезгілмен үйлеспей тұрғандай көрінді маған. Қайдан білейін, қазіргі талғама басқа шығар, бәлкім.

Сөмкесі де әдемі екен, бетіне өрнектелген қоңыр түсті нокаттар өзгеше етіп тұр. Қазір бәрі бар ғой, қалағаның табылады. Автобус кешіккен соң жан-жағына осылай қарап тұрасың.

Бір кезде әлгі ару қалтасынан кішкентай «Қазақстанды» шығарып, қағазын ашып, тәттіні аузына тығып жіберді де, кәмпіттің қағазын аяғының астына тастай салды.

Қасына бардым.

– Анау қағазыңды ал, – дедім даусымды қатайтып.

– Неге алам? – деді қыз көзі емес, кірпігі көрініп.

– Алып, қалтаңа салып қойғын. Қоқыс тастайтын шелек кезіксе соған тастай саласың.

– Алмаймын. Өне, жатыр ғой, – деді иегін айдалаға ңұсқап. Қарасам, әріректе «максешәйдін» бөтелкесі жатыр екен.

– Оны да сен сияқты адам лақтырып кеткен ғой, – деп бұрылып кеттім. Ендігі сөзім шығын. Оның үстіне алқызыл түспен боялған тырнағы сояудай екен, тырнап алып жүрсе, жұмысқа не деп барам. Ақылын өзіне деген шығар ішінен. Негізі, әдемілік сыртқа емес, ішке біткен жақсы ғой.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

АҚЖАРҚЫН АПА

Сенбі. Жұмыс күні болмаса да, автобуста жолаушылаған адам қарасы көп. Аялдамалардан апалар көбірек мініп жатыр. Автобуста отыратын орын жок. Бір әйел:

– Сізге орын берер едім (үлкен кісінің тікесінен тұрып қалғанына қысылғаны болар), мынау аяқ жарамайды, операциядан шыққанмын, – деді.

– Бәріміздікі сол, аяқ шыдатпайды. Біз де салдыртып едік тізеге әлгісін, бәрібір өзіндіктей болмайды екен. Отыра бер, отыра бер. Көшеге қыдырып шық деген сен емес, – деп күлді, еш зілсіз, ашусыз. Әйбат апа екен.

Сөзін қайта жалғады сосын.

– Жәй күндері балалар жұмыста. Біз немерелерді қарап қаламыз. Сосын осылай бір демалыста сыртқа шығып келгіміз кеп тұрады, – деді жайдары апа.

Бір кезде орын босады.

– Әй, келін, мында кел, орын босады, – деп көптің арасынан әлдекімді шақырды сосын. «Келін» дегені де өзі секілді жаулық тартқан апа екен. Ол кісі де сергіп қайтуға шыққан секілді. Сөйтіп, екі апа екі жағына кезек-кезек аударылып, теңселіп келіп жайғасып жатты босаған орынға.

«Әй бала, тұр! Аяғым ауырады. Осы күнгі жастар осы, тәрбие жоқ!» деп зіркілдемей, осылай әдемі қартайған жақсы.

КӨЛДЕЙ КӨҢІЛ

Күн әжептәуір қысқарған. Таңның өзі қараңғы қазір. Автобустамын. Терезеден сыртқа қарап отырмын. Көше жарықтары самаладай жарқырап тұр.

Кезекті аялдамадан жүгі көп бір әйел автобуска міне алмай жатыр. Сүйрететін темір арбаға артып, бірнеше жерінен байлап қойған үлкен пакеті, 5 литрлік суы, қолына ұстаған бөлек тағы бір пакеті бар. Автобус жүріп кетіп қалып қоярмын дегендей жанталаса ентелей кіріп келе жатқандықтан есікке сыймай жатыр әлгі заттарымен.

Жүргізуші күтіп тұр.

– Таң атпай құдалыққа шыққансыз ба, немене, мына жерді көшіріп жібердіңіз ғой, – деп әзілдеді орта жастардағы шопыр. Салондағылар күліп жатыр. Әйел де еріксіз күліп жіберді.

Автобус жүйткіп келеді. Жүргізуші ойланып кетті ме екен, кезекті аялдамадан біраз өтіп барып кілт бұрылыс жасап тоқтады. Кейіндеу қалып қойған бір әйел ентіге жүгіріп жетіп, рахметін жаудырып жатыр.

– Көрдіңіз бе, мен сіз үшін маневр жасап барып тоқтадым ғой, – деді шопыр, аялдамаға тоқтауға міндетті екенін, соны ескермей қалғанын жуып-шайғандай. Тағы езу тартты.

Кезекті аялдамадан 6-7-лердегі бір қыз баланы әжесі отырғызып жіберген болатын. Әлгі бүлдіршін түсер кезде шопырға жолақысын ұсынды.

– Жарайды, төлемей-ақ қой, қызым! – десе де, бала қолын алға әлі созып тұр, жолақыны алыңыз дегендей.

– Төлемей-ақ қой, балам, бара ғой, түсе бер, – деді тағы да жүргізуші. Қызыл телпекті қыз түсіп алып томпаңдай жүгіріп бара жатты.

Автобус терезесіне қайта үңілдім. Сыртта да талай адам кетіп бара жатыр. Асығыс жүгіріп бара жатқандары бар. Таң да атыпты. Терезеден жарық түсті.

Міне, таңмен бірге тағы бір күн басталды. Әр күніміз қалай басталса, солай өтері ақиқат нәрсе. Жақсылық жақсылықты шақырып тұрады. Бүгін біздің күнімізді жаны жайсаң, қарапайым, көңілі кең жүргізуші жақсы бастап берді.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

